Облыстағы су көздерінің негізгі ластану критерийі судың сапасы және оның ауыз су үшін және шаруашылық қажеттіліктері үшін жарамдылық дәрежесі болып табылады. Судың сапасы физикалық, химиялық және санитарлық көрсеткіштері бойынша және, ең алдымен шаруашылық-ауыз су, коммуналдық және балық шаруашылығында су пайдалану су тоғандары үшін ластаушы заттардың шекті жол берілген концентрация (ШЖК) мағыналары бойынша бағаланады.

4.1 Жоспарланатын қызмет үшін су ресурстарының қажеттілігі

Құрылыс жұмыстарын жүргізген кезде келесі қажеттіліктер үшін суды тұтыну көзделеді:

- шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері;
- өндірістік қажеттіліктер (шанды басу және өзге де өндірістік қажеттіліктер).

4.2. Сумен жабдықтау көзінің сипаттамасы

Осы бөлімде құрылыс жұмыстары кезіндегі су тұтыну және су тарту мәселелері қарастырылады.

Сумен жабдықтау және су тарту бойынша барлық шешімдер Қазақстан Республикасының нормаларына, қағидаларына, стандарттарына және тиісті нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.

Шаруашылық-ауыз су және техникалық қажеттіліктер үшін шеттен әкелінетін су пайдаланылады. Су мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесінің құжаттарына сәйкес келетін автокөлікпен жеткізіледі.

Әкелінетін су жеке үй-жайда немесе шатыр астында, қатты жабыны бар алаңшада орнатылған ыдыстарда сақталады. Суды сақтауға арналған ыдыстар Қазақстан Республикасы аумағында осы мақсаттар үшін қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалады.

Әкелінетін суды сақтауға және тасымалдауға арналған ыдыстарды тазарту, жуу және зарарсыздандыру он күнтізбелік күн ішінде бір реттен сирек емес және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Ішкі беті механикалық тазартылады, жуылады, суы толық кетіріледі, зарарсыздандырылады. Зарарсыздандырудан кейін ыдыс жуылады, сумен толтырылады және суға биологиялық бақылау жүргізіледі. Зарарсыздандыру үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген зарарсыздандыру құралы қолданылады.

Жер қазатын және жол машиналарының жүргізушілері, краншылар және басқалар ауыз суға арналған жеке құтылармен қамтамасыз етіледі.

Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланылатын су мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесінің құжаттарына сәйкес келеді.

4.3. Беткі сулар

Сипатталатын ауданның гидрографиялық торабы Каспий теңізінің алабына жатады және тұрақты, суы тартылып калатын және уақытша су ағындарын құрады. Уақытша ағындары бар жыра тораптарының салыстырмалы тығыздығына қарағанда, тұрақты беткі ағымымен қазіргі өзен торабы өте сирек. Гидрографиялық торап жалпы төрттік дәуірге дейінге және көне төрттік дәуірі кезінде қалыптасқан (каспий трансгессиясы кезеңінде).

Өзеннің негізгі қоректену көздері еріген қар суы болып табылады, сондықтан жылдық ағымның көп бөлігі (65-93%), ал жиі оның барлық көлемі (уақытша су ағындары) көктемгі кезеңге келеді. Өзен арнасының тереңдігі біршама шағын болғандықтан, оларды жер асты қоректендіру үлесі шамалы— жылдық ағымның 5-10% көп емес. Жер асты ағыны өзен өмірінде маңызды рөл

атқарады: қысқы мерзімде, жазда, ал кейде күзде де ол өзендерді жалғыз қоректендіру көзі болып табылады. Қыс уақытында бұл сулар мұзтүзіліміне жұмсалады.

Учаске аумағында жалқұмдар арасында орналасқан желілік және табақша тәрізді сорлы төмендіктер жиі кездеседі. Көктемгі кезеңде, жер асты сулар деңгейі көтерілген, сорлар суға толады. Жазғы кезеңде, температуралық режимге байланысты буға айналушылық ең жоғары, сорлар, көбінесе, суы тартылып қалады. Сорлардағы су деңгейі тек қана жергілікті қалыптасу жағдайларына байланысты. Аумақта сабалық кезеңде суы толық тартылып қалатын уақытша су ағындары бар.

4.4. Жер асты сулар

Жер асты суларына әсер ет болжанбайды.

4.5. Су тұтынуды және су тартуды есептеу

Жұмыстар учаскелерінде су тарту жүйесі «Биодәретхана» мобильді дәретхана кабиналарын орнату арқылы жүргізіледі.

Барлық ағынды су «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» 2023 жылғы 20 ақпандағы №26 санитариялық қағидаларына сәйкес тазартатын имараты бар мамандандырылған ұйыммен шығарылады. Шаң басуға пайдаланылған су орны толмас шығындарға жатқызылады.

Құрылыс кезеңінде шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне су тұтынуды есептеу

Жұмыс персоналының тіршілік әрекетінен пайда болған ағынды суларды тарту нормалары ҚР ҚНЖҚ 4.01-101-2012 ж. «Ғимараттардың ішкі су құбыры және канализациясы» (25.12.2017 ж. бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) сәйкес, су тұтыну нормаларына тең болып қабылданған.

Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезеңінде су қажеттілігін есептеу үшін келесі көрсеткіштер пайдаланылған:

Есептеу үшін пайдаланылатын нормалар:

Шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер – 25 л/тәулікте немесе 0,025 м³/тәулікте 1 адамға.

Құрылыс уақытында жұмысқа қатыстырылған персонал саны – 16 адам.

Құрылыс -монтаждық жұмыстарды жүргізу уақыты –180 күн.

Шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін су тұтынуды есептеу

Тұтынушы	Құрылыс циклі	Саны, адам	Су тұтыну нормасы, м ³	Су тұтыну		Су тарту	
				м ³ /сут,	м ³ /жыл	м ³ /сут,	м ³ /жыл
Ауыз су шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер	180	16	0,025	0,4	72	0,4	72
Техникалық су (сметалық деректер бойынша)					98,174		98,174
Ауыз су (сметалық деректер бойынша)					15,09		15,09
Барлығы		16		0,4	185,264	0,4	185,264

Құрылыс -монтаждық жұмыстарды жүргізу кезеңіндегі су тұтыну және су тарту теңгерімі
4.5.2.-кестеде келтірілген.

4.5.2-кесте. Құрылыс -монтаждық жұмыстар кезеңіндегі су тұтыну және су тарту теңгерімі

Өндіріс	Барлығы	Су тұтыну, мың.м3/кезең.						Су тарту, мың.м3/кез.					
		Өндірістік қажеттіліктерге				Шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктерге	Қайтарымсыз тұтыну	Барлығы	Қайтадан пайдаланылатын ағынды су көлемі	Өндірістік ағынды сулар	Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Ескерту	
		Балғын су барлығы	С.і. жарамды сапада	ішуге	Айналма су								Қайтадан пайдаланылатын су
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	
Аууыз су және шаруаш.-тұрмыстық қажеттіліктер	0,072					0,072		0,072				0,072	Шартқа сәйкес мердігерлік ұйым
Техникалық су	0,098174					0,098174		0,098174		0,098174			
Ауыз су	0,01509	0,01509	0,01509					0,01509			0,01509		

4.6. Құрылыс кезеңінде беткі суларға әсерді бағалау

Құрылыс жұмыстары кезінде техникалық және шаруашылық қажеттіліктер үшін беткі көздерден су алу жоспарланбайды. Ағынды суларды беткі су айдындарына және жер бедеріне төгу қарастырылмайды, ШЖТ жобасын әзірлеу қажет емес.

Жобаланатын объектілерді салған кезде жер асты суларына әсер етудің әлеуетті көздері:

- беткі қабатты көлікпен немесе арнайы техникамен механикалық бұзу;
- автокөліктің жиналу және жанармай құю жерлерінде техникадан отын немесе май ағып кетуі болып табылады.

Жер қойнауына әсер ету және құрылысқа байланысты экзогендік геологиялық үдерістердің дамуы күтілмейді. Алаңшаларды дайындау және жайластыру бойынша жұмыстар, ең алдымен, жердің беткі қабатына әсер етуге байланысты болады және тереңдігі бойынша таралады: техниканың қозғалысы (0.15 м дейін жаншу), жабдықтың шатырларына іргетасты орнату үшін жерді ойып алу (тереңдігі 1 м дейін).

Жер асты суларына әсер қарқындылығы бойынша шамалы болады, өйткені жер қойнауы құрылымында өзгерістер туғызбайды, уақыт бойынша ұзақтығы орташа және ауқымы бойынша жергілікті болады.

Әсер ету факторы	Кеңістіктік	Уақыттық	Қарқындылығы	Әсерді кешенді бағалау	
				Баллы	Сапалық бағалау
Орналастырған кезде	Шектеулі (2)	Қысқа мерзімді (1)	Шамалы әсер (1)	2	Төмен

Жер асты суларын сарқылудан және ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар

Жер асты суларын қорғау дегені сулардың ластануы, қоқыстануы және сарқылуы салдарларын болдырмауға және жоюға бағытталған іс-шаралар жүйесі, сондай-ақ олардың сапалық және сандық күйін сақтау және жақсарту деп түсініледі.

Жер асты сулары ластануының және сарқылуының алдын алу мақсатында жұмыстар кезінде келесі іс-шараларды жүргізу көзделеді:

Жер асты сулары сарқылуының алдын алу жөніндегі шараларға:

- суға белгіленген лимиттерді қатаң сақтау;
- сумен жектіліксіз қамтамасыз етілген аудандарда су сыйымлы өндірістерді орналастырудан бас тарту одой;
- ҚР Су кодексінің 72 бабына сәйкес, су үнемдеуші технологияларды, суарудың озық техникасын, сумен жабдықтаудың айналымдық және қайталама жүйелерін енгізуге шаралар қолдануға;
- жер асты суларының пайдалану қорларының сарқылуын болдырмау үшін гидрогеологиялық бақылауды жүргізу;
- айналымдық жүйелерді қолданып ағынды суларды қайта пайдалану жатады.

4.7. Суды қорғау шаралары

Су ресурстарын ластанудан алдын ала сақтандыру жөніндегі шараларды орындау үшін келесі әрекеттерді іске асыру қажет:

- жанар-жағармай материалдарының ағып кетуіне жол бермеу үшін, көлік құралдарының техникалық жай-күйін бақылау;
- бедердің ластануына байланысты жұмыстарды жүргізуді регламенттеу;
- әлеуетті қауіпті сұйық заттар беті гидроокшауланған жерлерде сақталуға тиіс.
- ағынды сулардың және ластанушы заттардың жер бетінен жер асты сулар деңгейжиектеріне ағып кетуіне жол бермеу және жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;
- жер асты суларының деңгейі мен сапасын тұрақты тәртіптік қадағалауды ұйымдастыру;

- жер асты суларының әлеуетті ластану көздері болып табылатын қорғаныс гидроқшаулау құрылыстарын жасау;
- жер асты суларын қоректендіру көзі болып табылатын аумақта санитариялық қорғау аймақтарын ұйымдастыру;
- сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын деңгейжиектермен гидравликалық байланысы бар сіңіргіш деңгейжиектерге ағынды суларды және сұйық өндіріс қалдықтарын төгуге тыйм салу;
- жобаланатын объектінің құрылысына байланысты бар және әлеуетті ластану учаскелерінде жер асты суларының жату жағдайларын, деңгейін және сапасын тұрақты тәртіптік бақылауды ұйымдастыру;
- барлық өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алуды, жинауды және шығаруды анықтап ұйымдастыру;
- тоқсан сайын міндетті түрде инженерлік (бақылаушы) ұңғымалар желісі арқылы жер асты суларының жай-күйін өндірістік экологиялық бақылау жүзеге асырылуға тиіс (кен орнының периметрі бойынша);
- су объектісінің ықтимал төтенше ластануы жағдайына іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- беткі сулардың сапасы және ондағы әртүрлі компоненттердің мөлшері «ҚР беткі суларды қорғау қағидаларында» көрсетілген талаптарға сай болуға тиіс: судың етінде қалқып жүрген қоспалар, май, мұнай өнімдері дақтары болмауға тиіс;

5. ЖЕР ҚОЙНАУЫНА ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Бұл қалыңдық едәуір иілгіштікке және ерекше қозғалғыштыққа ие, мезозой және кайнозой тауужыныстарының статикалық қысымы әсерімен жоғары жатқан таужыныстарды көтере түсіп және бұзып өтіп, өзгеше тұзды-күмбезді құрылымдарды құрады.

Осы құрылымдардың басым бөлігі плиоцен-төрттік шөгінділері астында көмілген және бірлі-жарым күмбездер ашық болып табылады, олардағы тұзды шток күндізгі бетке шығады немесе төрттік шөгінділердің азғантай қабатымен жабылған.

Аумақтың табиғи-тарихи қалыптасу процесі нәтижесінде түзілген топырақтар 4,0м тереңдікте, теңіз генезисінің голоцен (жаңа каспий) жасындағы литификацияланбаған шөгінділердің 1 стратиграфиялық-генетикалық кешеніне бөлінеді - mQ4nk

□ ИГЭ-1. Жеңіл тозаңды құмдақ. Қабаттың қуаты 4,0м.

Жоғарыда сипатталған стратиграфиялық-генетикалық кешендерді, өз кезегінде, біз 1 литологиялық-фациалдық топырақтартобына бөлшектедік (инженерлік-геологиялық элементтер – ИГЭ), олардың геотехникалық сипаттамасы төменде келтірілген.

Механизмдермен және қолмен қазылатын топырақ топтары ҚР ҚН 8.02-05-2002, 1 жинақ, 1-кесте талаптарына сәйкес келтірілген.

4.1. ИГЭ-1. Жеңіл тозаңды құмдақ

ИГЭ-1 физикалық-механикалық және химиялық сипаттамаларының нормативтік және есептік мағыналары кестеде келтірілген

Топырақтардың сипаттамасы		ИГЭ-1			
		Индексі	Өлшем бірлігі	Қалып. мағынасы	Топырақ түрлері және топырақтың жемірлік әсер ету дәрежесі
Табиғи ылғалдылық		W	%	14,91	-
Иілгіштік шектері (Atterberg)	Аққыштық шегі	WL	%	29,13	-
	Жайпақтау шегі	WP	%	18,12	-
	Иілгіштік шегі	IP	%	11,01	Жеңіл саздақ
Гранулометриялық құрамы	қиыршықтас	>2мм	%	-	
	құм	2-0,05мм	%	51	құмдақ
	шаң	>0,1 мм	%		-
	саз	<0,05мм <0,005мм	%	49	-
Аққыштық көрсеткіші		IL	б.ү.	-0,300	қатты
Топырақтың тығыздығы (көлемдік салмағы)		ρ	г/см ³	1,83	-
0,85 сенімді ықтималдық кезінде		ρ	г/см ³	1,80	-
0,95 сенімді ықтималдық кезінде		ρ	г/см ³	1,79	-
Топырақ бөлшектерінің тығыздығы (меншікті салмағы)		ρ_s	г/см ³	2,70	-
Құрғақ топырақ тығыздығы		ρ_o	г/см ³	1,59	-
Кеуектілігі		n	%	41,17	-
Кеуектілік коэффициенті		e	б.ү.	0,702	-
Суға қанығу коэффициенті		Sr	б.ү.	0,580	-
Пуассон коэффициенті		μ	-	0,35	-
Меншікті ілінісу		C	кПа	28	-

ҚОҚ

Пара
қ
76

0,85 сенімді ықтималдық кезінде	C	кПа	21	-
0,95 сенімді ықтималдық кезінде	C	кПа	18	-
Ішкі үйкеліс бұрышы	φ	градус	19	-
0,85 сенімді ықтималдық кезінде	φ	градус	15	-
0,95 сенімді ықтималдық кезінде	φ	градус	13	-

Топырақтардың сипаттамасы	ИГЭ-1			
	Индексі	Өлшем бірлігі	Қалып. мағынасы	Топырақ түрлері және топырақтың жемірлік әсер ету дәрежесі
Жалпы деформация модулі	E	МПа	5,2	-
Механизмдермен/қолмен игеруу бойынша топырақтар тобы	-	пункт	2/	-
Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақтар тобы			2	

Топырақтың су сорындысын химиялық талдау нәтижелері, ара салмағы 1:5

Аниондар				-
Гидрокарбонат ион	HCO ₃	%	0,125	-
Хлор-ион	Cl	%	0,954	
Сульфат-ион	SO ₄	%	0,3010	-
Катиондар				-
Кальций -ион	Ca*	%	0,072	-
Магний-ион	Mg*	%	0,0516	-
Натрий+калий (айырмасы бойынша)	Na*k*	%	0,6263	-
Тұздық құрамы				-
Тығыз шөгінді	-	%	2,21	-
Сүтекті иондар концентрациясы	pH	-	7,09	-
Топырақтың сорлану сипаты	Cl /SO ₄	%	3,16	Хлоридті
Топырақтың сорлану дәрежесі	-	-	2,12	Орташа сорланған

Құрамындағы SO₄ және Cl мөлшері бойынша топырақтың бетон және темір-бетон құрастырылымдарына жемірлік әсері дәрежесі

МЕМСТ 10178 бойынша портландцемент	SO ₄	1 кг топыраққа мг	3010	Қатты жемір
Құрамында C ₃ S мөлшері 65% көп емес, C ₃ A мөлшері 7% көп емес, C ₃ A +AF мөлшері 22% МЕМСТ 10178 бойынша портландцемент және қожпортландцемент				Орташа жемір
МЕМСТ 22266 бойынша сульфаттөзімді цемент				Әлсіз жемір
% МЕМСТ 10178 бойынша портландцемент,				Қатты жемір

ҚОҚ

Пара
қ
77

қожпортландцемент және МЕМСТ 22266 бойынша сульфаттөзімді цемент	СІ	мг	9540	
Сутекті иондар мөлшері бойынша топырақтардың кррозиялық жемірлігі				
Кабельдің мырыш қабықшасына қатысты	рН	-	7,09	төмен
Кабельдің алюминий қабықшасына қатысты				төмен

5.1. Минералды және шикізат ресурстарын өндірудің қоршаған ортаның әртүрлі компоненттеріне тигізетін әсерін болжау.

Құрылыс процесінде геологиялық ортаға әсер етудің негізгі факторы көліктің қозғалысы болып табылады.

Жоспарланатын жұмыстарды жүргізген кезде автокөлік қозғалысының әсері топырақ түзуші субстраттың бұзылуына, жер бедеріне әсер етуіне, ЖЖМ және басқа да мұнай өнімдері авариялық төгілген кезде топырақтың ластануына әкеп соғады.

Жұмыстарды жүргізу процесінде геологиялық ортаның оған әртүрлі әсер ету түрлеріне төзімділігі бірдей емес және жұмыстардың ерекшелігіне және әсер ету ұзақтығына байланысты. Құрылыс кезеңінде автокөлік қозғалысының геологиялық ортаға әсерін қарастырайық.

Әсер ету сипаты. Арнайы техника жұмыстар алаңы бойынша қозғалған кезде және құрылыс жұмыстары кезінде, қауіпті материалдардың авариялық төгілгені кезінде геологиялық ортаға әсер геологиялық ортаның жоғарғы жағында да байқалатын болады. Қоршаған ортаға елеулі залал келтірмейтін жұмыстардың қысқа мерзімі мен жұмыстардың шағын көлемі геологиялық ортаға әсерді шамалы ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Әсер ету деңгейі. Әсер ету деңгейі – ең аз, өйткені жобаланатын жұмыстар тау жыныстар бүтіндігінің қайтымсыз бұзылуына әкеп соқпайды.

Табиғат қорғау шаралары. Жұмыстарды жүргізген кезде жобада инженерлік шешімдер қарастырылғандықтан, басқа табиғатты қорғау шараларын әзірлеу қажет емес.

Қалдық салдарлар. Елеместей аз.

5.2 Табиғат қорғау шаралары

- жер асты және жер үсті жабдықтың максималды бітеулігін қамтамасыз ету;
- жобаланған жемірілуге қарсы шараларды орындау;

Тұжырым: Геологиялық ортаға әсер: кеңістіктік ауқымда **жергілікті** ретінде, уақыт ауқымында уақытша ретінде және қарқындылығы бойынша **бірқалыпты** ретінде бағаланады.

6. ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Құрылыс сатысы қоршаған ортаға әлеуетті әсер ету көздері болып табылуы мүмкін өндіріс және тұтыну қалдықтарының түзілуімен, жиналуымен және оларды жоюмен сүйемелденетін болады.

Қалдықтар - өндіру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету процесінде немесе тұтыну процесінде түзілген, иесі қалдықтар деп тікелей танытын не заңның талаптарына орай жоюға немесе қалпына келтіруге жіберуге тиісті, немесе жою немесе қалпына келтіру жөніндегі

операцияларға ұшыратуға ниеттенетін не ұшырататын кез келген заттар, материалдар немесе нәрселер (оның ішінде, өздерінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар).

Өндіріс қалдықтары (өндірістік қалдықтар) – өнімді өндіру, жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау процесінде пайда болған және өздерінің бастапқы тұтынушылық қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан шикізаттың, материалдардың, өзге де бұйымдар мен өнімдердің қалдықтары.

Тұтыну қалдықтары - адамның тыныс-тіршілігі нәтижесінде пайда болған, өзінің тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан, жарамдылық не пайдалану мерзімі агрегаттық жай-күйіне қарамастан өткен, сондай-ақ меншік иесі оларды жеке-дара құтқарған не тұтыну қалдықтары разрядына құжатпен ауыстырған өнімдер және (немесе) бұйымдар, олардың орамасы және өзге де заттар немесе олардың қалдықтары.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес, қалдықтарды түзуші немесе заңды иелігінде қалдықтар болатын кез келген тұлға қалдықтардың иесі деп түсініледі. Қызметті жүзеге асыру процесінде қалдықтар түзілетін кез келген тұлға (қалдықтарды бастапқы түзуші) немесе осындай қалдықтардың қасиеттерінің немесе құрамының өзгеруіне әкелетін өндеуді, араластыруды немесе өзге де операцияларды жүзеге асыратын кез келген тұлға (қалдықтарды қайталама түзуші) қалдықтарды түзуші деп танылады.

Қалдықтарды түзушілер болып табылатын кәсіпкерлік субъектілері қалдықтар түзілген кезден бастап осы Кодекстің 339-бабының 3-тармағына сәйкес лицензия негізінде қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғаның иелігіне берілген кезге дейін осындай қалдықтарды тиісінше басқаруды қамтамасыз етуге жауапты болады.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны ластауға жол бермеу жөніндегі талаптарын қанағаттандыру үшін жұмыскерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қатерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін қалдықтарды басқару саясаты жүргізілуге тиіс. Қалдықтарды басқару жүйесі әртүрлі қалдықтарды қауіпсіз орналастыруды бақылайды.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару және айналысу саласындағы негізін құрайтын қағидаттардың бірі:

- қоршаған орта компоненттерін (ауа, жер асты сулар, топырақ) өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластанудан қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік;
- барлық құрылыс және пайдалану жұмыстарын өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта пайдалану, кәдеге жарату, регенерациялау, тазарту немесе экологиялық тиімді жою мүмкіндігіне сүйене отырып, ұйымдастыру организация всех строительных и эксплуатационных работ, исходя из возможности повторного использования, утилизации, регенерации, очистки или экологически приемлемого удаления отходов производства и потребления;
- қалдықтар түзілуін азайтуға мүмкіндік беретін технологиялар мен жабдықты пайдалану есебінен қоршаған ортаға жағымсыз әсерді төмендету;
- өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға экологиялық жағымсыз әсерін жою жөніндегі шараларға қарағанда олардың алдын алу шараларының басымдығы.

Барлық өндіріс және тұтыну қалдықтары өндірістік объектінің арнайы бөлінген жерлерінде арнайы контейнерлерде сақталуға, кейіннен осындай операцияларды жасауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт бойынша кәдеге жаратуға, қайта өндеуге, зарарсыздандыруға және орналастыруға шығаруға жатады.

Қалдықтарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы орнатылған және жабдықталған орындарда ғана (алаңшаларда, қоймаларда, контейнерлерде және өзге де сақтау объектілерінде) жинақтауға рұқсат етіледі

Қалдықтарды жинау (мамандандырылған ұйымдарға беру) немесе осы қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіге оларды өз бетінше әкету күніне дейін алты айдан аспайтын мерзімге қалдықтарды түзілген жерінде уақытша жинап қоюға рұқсат етіледі (ҚР Экологиялық кодексі, 320 бап 2 т.).

Өндіріс және тұтыну қалдықтары тізбесі жұмыстарды жүргізу ерекшелігіне, ҚР қолданыстағы нормативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы №314 бұйрығымен бекітілген Қалдықтар сыныптауышыны сәйкес белгіленген.

Қалдықтар тобының экожүйеге әсер ету дәрежесі қалдықтардың түріне, қаіптілік сыныбына, көлеміне, қалдықтарды көму немесе кәдеге жарату уақытына және сипатына байланысты.

Шығу тегіне, қасиеттеріне және басқарылу технологиясына сәйкес ортақ белгілері бар қалдықтардың жиынтығы қалдықтардың түрі деп түсініледі.

ҚР ЭК 338 бабына сәйкес, қалдықтардың түрлері Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы №314 бұйрығымен бекітілген қалдықтар сыныптауышы (бұдан әрі – қалдықтар сыныптауышы) негізінде анықталады.

Қалдықтар сыныптауышы қалдықтардың әрбір түрінің шығу тегі мен құрамы ескеріле отырып әзірленеді және қажет болған жағдайларда, қалдықтарды қауіптілерге немесе қауіпті еместерге жатқызу мақсатында қауіпті заттар концентрациясының лимиттеуші көрсеткіштерін айқындайды.

Қалдықтар сыныптауышында қалдықтардың әрбір түрі алты таңбалы код беру арқылы сәйкестендіріледі.

Қалдықтардың түрлері Экологиялық Кодекстің талаптары ескеріле отырып, қалдықтар сыныптауышына сәйкес қауіптілерге немесе қауіпті еместерге жатқызылады.

Қалдықтар сыныптауышындағы қалдықтардың жекелеген түрлері олардың құрамындағы қауіпті заттар концентрациясының деңгейіне немесе қалдықтар түрінің қауіпті сипаттамаларының адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына және қоршаған ортаға ықпал ету дәрежесіне қарай әртүрлі кодтар беріле отырып ("айналы" қалдықтар түрі), бір мезгілде қауіпті және қауіпті емес деп айқындалуы мүмкін.

Қалдықтарды осы бапқа сәйкес қауіптілерге немесе қауіпті еместерге және қалдықтар сыныптауышының белгілі бір кодына жатқызуды қалдықтардың иесі өз бетінше жүргізеді.

Экологиялық кодекспен регламенттелмейтін қауіпті қалдықтардың сыныбын анықтау үшін «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары» санитариялық қағидалар пайдаланылған (ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы).

6.1. Құрылыс үдерісінде түзілетін қалдықтардың түрлері мен массасы. Аумақтың өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластану ерекшеліктері (қалдықтардың қауіпті қасиеттері және физикалық жай-күйі)

Құрылыс және жұмыс процесі әртүрлі қалдық түрлері түзулуімен сүйемелденеді, оларды сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату қоршаған ортаның әртүрлі компоненттеріне әлеуетті әсер ету көздері болуы мүмкін.

Құрылыс процесінде негізгі қалдықтар түрлері:

- Пайдаланылған ЛБМ ыдысы;
- Құрылыс қалдықтары;

ҚОҚ	Пара қ
	80

- Дәнекерлеу электродтарының күйіктері
- Коммуналдық қалдықтар
- Майланған шүберек

Қалдықтар Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Министрінің 18.04.2008ж. № 100-п бұйрығына №16 -қосымшаға сәйкес есептелген

Құрылыс кезінде қалдықтар түзілу нормаларын есептеу

Пайдаланылған ЛБМ ыдысы бояу жұмыстары барысында түзіледі. Бөлінген алаңшада жинау, кейіннен жасалған шартқа сәйкес шығару.

Пайдаланылған ЛБМ ыдысының саны мына формула бойынша анықталады:

$$N = \sum n_i / m_i * \alpha * 10^{-3},$$

мұнда: N – ыдыс саны, т/жыл;

n_i – i - лак-бояу материалының көлемі, кг;

m_i - ыдыстағы i - лак-бояу материалының көлемі, кг;

α – i - лак-бояу материалы ыдысының салмағы, кг,

$$N = 51,6786/10*0,5 * 10^{-3} = 0,0026 \text{ т}$$

Құрылыс қалдықтары алаңшаларды салу процесінде түзіледі

Құрылыс процесінде түзілетін құрылыс қалдықтарының болжамды көлемі – **1,3 т.**

Дәнекерлеу электродының күйіктері дәнекерлеу жұмыстары процесінде түзіледі.

Электрод күйіктерінің саны мына формула бойынша анықталады:

$$N = M_{\text{ост}} * Q \text{ т/жыл},$$

мұнда: $M_{\text{ост}}$ – электродтар шығыны, т;

Q - электродтың қалдығы, 0,015.

$$N = 0,25 * 0,015 = 0,00375 \text{ т}$$

Коммуналдық қалдықтар жобаланатын объектілерді салуды жүзеге асыратын персоналдың өндірістік тіршілігі процесінде түзіледі.

Түзілген коммуналық қалдықтар көлемі мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{\text{Ком}} = P * M * \rho,$$

мұнда: P – жыл ішінде 1 адамға қалдықтарды жинақтау нормасы, 0,3 м³;

M – жұмыс істейтін персонал саны, адам;

ρ - коммуналық қалдықтар тығыздығы, 0,25 т/м³,

$$Q_{\text{ТБО}} = 0,3 * 16 * 0,25 = 1,2 \text{ т}$$

Майланған шүберек

Майланған шүберек көлемі мына формула бойынша анықталады: $N = M_0 + M + W$, т/жыл, мұнда: N – майланған шүберек көлемі, т/жыл;

M_0 – келіп түсетін шүберек көлемі, 0,0031 т/жыл;

M – шүберектегі май мөлшерінің нормативі, т/жыл; $M = 0,12 * M_0$

W – шүберектегі ылғал мөлшерінің нормативі, т/жыл, т/жыл. $W = 0,15 * M_0$

Жыл ішіндегі майланған шүберек көлемі:

$$N = 0,0031 + 0,000372 + 0,000465 = \mathbf{0,003937 \text{ т/жыл.}}$$

Тағам қалдықтары

Қалдықтардың түзілу нормасы (N) 1 тағамға орташа тәуліктік жинақтау нормасына, - 0,0001 м3, жыл ішіндегі жұмыс күндер санына (n), бір адамға келетін тағамдар санына (m) және жұмыс істейтіндер санына (z) сүйене отырып есептеледі:

$$N = 0.0001 \cdot n \cdot m \cdot z, \text{ м3/жыл,}$$

$$N = 0.0001 \cdot 180 \cdot 3 \cdot 16 = 0,864 \text{ м3/жыл}$$

Жоспарланатын қызметті іске асыру өндірістік қалдықтардың және тұтыну қалдықтарының түзілуімен, жинақталуымен және кәдеге жаратылуымен қоса жүреді.

Түзілген қалдықтар массасы технологиялық регламентпен, белгілі бір уақыт өте келе өндіріс қалдықтарына айналатын шығыс материалдардың қызмет мерзімімен анықталады. Қалдықтар құрылыс процесінде түзіледі.

02.01.2021 ж. №400-VI Экологиялық кодексіне сәйкес, Қалдықтардың түрлері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қалдықтар сыныптауышы (бұдан әрі – қалдықтар сыныптауышы) негізінде анықталады.

Қалдықтардың түрлері қалдықтар сыныптауышына сәйкес қауіптілерге немесе қауіпті еместерге жатқызылады.

Қалдықтар сыныптауышындағы қалдықтардың жекелеген түрлері олардың құрамындағы қауіпті заттар концентрациясының деңгейіне немесе қалдықтар түрінің қауіпті сипаттамаларының адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына және қоршаған ортаға ықпал ету дәрежесіне қарай әртүрлі кодтар беріле отырып ("айналы" қалдықтар түрі), бір мезгілде қауіпті және қауіпті емес деп айқындалуы мүмкін.

Қалдықтарды осы бапқа сәйкес қауіптілерге немесе қауіпті еместерге және қалдықтар сыныптауышының белгілі бір кодына жатқызуды қалдықтардың иесі өз бетінше жүргізеді.

Өндірістік қалдықтардың және тұтыну қалдықтарының түзілуін есептеу қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді.

6.2. Қалдықтарды басқару бойынша ұсыныстар

Қалдықтарды уақытша жинақтаудың шекті көлемі қалдықтардың уыттылығын, олардың жалпы массасын, әр қалдық түріне арналған контейнерлердің сыйымдылығын және қалдықтарды полигондарға және оларды қайта пайдалану немесе қайта өңдеу кәсіпорындарына тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының жүк көтергіштігін ескере отырып анықталады.

ҚР Экологиялық кодексінің 320 б. 2 т. талаптарын сақтау қажет, қалдықтарды жинақтау орындары қалдықтарды жинау (мамандандырылған ұйымдарға беру) немесе осы қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіге оларды өз бетінше әкету күніне дейін алты айдан аспайтын мерзімге қалдықтарды түзілген жерінде уақытша жинап қоюға арналған.

ҚОҚ

Пара
қ
82

Жобаланатын объектінің құрылыс алаңшасында қалдықтарды сақтауға (жинақтауға) арналған орындар ұйымдастырылуға тиіс, одан олар жинақталуына қарай шарт бойынша қалдықтарды қайта өңдеуді, пайдалануды, зарарсыздандыруды немесе көмуді жүзеге асыратын кәсіпорындарға шығарылады. Қалдықтарды сақтау (жинақтау) орындарын ұйымдастырған кезде экологиялық қауіпсіздік шаралары қабылданған. Қалдықтарды сақтау (жинақтау) орындарын қамтамасыз ету түзілетін қалдықтардың қауіптілік сыныбын (қалдық типі бойынша таңбаланған), физикалық-химиялық қасиеттерін, реакциялық қабілетін ескере отырып, сондай-ақ тиісті МЕМСТ пен ҚНЖҚ талаптарын ескере отырып жүргізіледі.

Құрылыс кезеңінде қалдықтарды сақтау үшін меншікті полигондарды ұйымдастыру қажеттілігі жоқ. Барлық қалдықтар контейнерлерде немесе арнайы бөлінген жерлерде 6 айдан аспайтын мерзімде уақытша сақталады. Қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасы әзірленген жоқ, нормативтер белгіленген жоқ.

Қалдықтар түзілуін бақылау кәсіпорынның жұмыс құжаттамасы бойынша жүргізіледі.

Қоршаған ортаға антропогендік араласудың жағымсыз салдарларын барынша азайтуға бағытталған тиісті санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық нормаларын орындаған жағдайда, өндіріс және тұтыну қалдықтарының табиғи ортаға әсері минималды болады. Қалдықтардың жағымсыз әсерінің әлеуетті бағыты тиісті талаптар сақталмаған кезде, сондай-ақ өндіріс және тұтыну қалдықтарын жекелеген жинау, сақтау немесе кәдеге жарату сатыларында күтпеген жағдай туындауы нәтижесінде байқалуы мүмкін

Жобаланатын объектілерді пайдаланған кезде қалдықтар түзілуі қарастырылмаған.

Қалдықтар түзілуі Осы бөлімде құрылыс кезінде қалдықтардың түзілуі қарастырылады. Қалдықтардың технологиялық циклі сатылары

- Дәнекерлеу электродтарының күйіктері құрылыс-монтаждық жұмыстар кезінде, дәнекерлеу жұмыстары кезінде түзіледі.

- ЛБМ ыдысы лак-бояу жұмыстары және басқа да жұмыстар кезінде түзіледі.

- ҚТҚ жұмыс істейтін персоналдың тіршілік әрекеттері нәтижесінде түзіледі.

- Майланған шүберек көлік құралдарын сүрткен кезде түзіледі

- Құрылыс қалдықтары құрылыс жұмыстары кезінде түзіледі

Жинау немесе жинақтау

- Дәнекерлеу электродтарының күйіктері алаңшадағы метал контейнерлерге жиналады.

- ЛБМ ыдысының қалдықтары алаңшада бөлінген орындарда орналастырылатын арнайы контейнерлерге жиналады.

- ҚТҚ– алаңшада бөлінген орындарда орналастырылатын арнайы контейнерлерге жиналады.

- Майланған шүберек алаңшада бөлінген орындарда орналастырылатын арнайы контейнерлерге жиналады.

- Құрылыс қалдықтары алаңшада бөлінген орындарда жиналады.

Сәйкестендіру

- Құрылыс кезінде түзілетін қалдықтар белгілері, параметрлері, көрсеткіштері бойынша олардың сипаттамаларына сай келеді.

Сұрыптау (зарарсыздандырумен)

- ЛБМ ыдысының қалдықтары, майланған шүберек бөлек жиналады.

- ҚТҚ – қағаз қалдықтар (макулатура) түзілген кезде, мүмкіндігінше жалпы ҚТҚ-тан бөлінеді.

- Құрылыс қалдықтары – қайта пайдалануға жарамды іріктеп алынады, жарамсыздар араластырылады.

Паспорттау

- Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес паспорттар қауіпті және қауіпсіз

қалдықтарға жасалады. Қауіпті қалдықтардың паспорттары қалдықтар түзілу сәтінен бастап 3 ай ішінде олардың нақты көлемі бойынша ҚОҚ аумақтық басқармасында тіркелуге тиіс.

Қаптамасы (және таңбаламасы)

Қалдықтарды қауіпсіз тасымалдау үшін оларды қаптау, ыдысқа салу қарастырылады.

- ЛБМ ыдысының қалдықтары және майланған шүберек бөлек қапталыды және таңбаланады.

- ҚТҚ арнайы автомашиналарда тығыздалады.

Тасымалдау

Барлық қалдық түрлерін шығару компаниялардың автокөлігімен (қоқыс тасушы, бункер тасушы көліктермен/автоплатформалармен) шарттарға сәйкес жүргізіледі.

Құрылыс кезінде түзілген барлық қалдықтарды алаңшада арнайы бөлінген жерлерде уақытша қоймалау көзделеді.

Сақтау

Алаңшада барлық қалдықтар оларды кәдеге жарату немесе кму үшін шығаруға дейін арнайы бөлінген жерлерде уақытша сақталады.

- ЛБМ ыдыстарының қалдықтары арнайы ыдыстарда сақталады.
- Майланған шүберек арнайы контейнерлерге жиналады.
- Құрылыс қалдықтары алаңшада арнайы бөлінген жерде ашық түрде жиналады.
- ҚТҚ – арнайы бетондалған алаңшада әрқайсысы 1 м³ контейнерлерде сақталады. Контейнерлер қақпақпен нық жабылады және болуы мүмкін паразиттер мен ауру тудыратын организмдерді жою үшін дүркін-дүркін өңделеді. Контейнерлердің тиісті таңбаламасы бар: «қоқыс үшін».

Жою (кәдеге жарату немесе көму)

- Дәнекерлеу электродтарының күйіктері – шарт бойынша арнайы кәсіпорынға қайта өңдеуге тапсыру.
- ЛБМ ыдысының қалдықтары – шарт бойынша арнайы кәсіпорындарға тапсыру.
- ҚТҚ – шарт бойынша көмуге шығару.
- Майланған шүберек – шарт бойынша арнайы кәсіпорындарға тапсыру.
- Құрылыс қалдықтары – шарт бойынша көмуге шығару.

6.3. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының түрлері мен көлемі

Құрылыс-монтаждық жұмыстар нәтижесінде 5 қалдық түрі түзіледі.

ҚР Экологиялық кодексінің 336 бабы 1 т. сәйкес, Кәсіпкерлік субъектілері қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) құрту жөніндегі жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) үшін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензия алуға міндетті.

Осыған орай, қалдықтарды қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, зарарсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою бойынша лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беруді қарастыру қажет. Мердігерлік құрылыс компаниясы шеттегі мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес, барлық түзілетін өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату\қайта өңдеу немесе көму орындарына шығаруды өз бетімен жүзеге асырады.

Құрылыс – монтаждық жұмыстар кезінде түзілетін қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың нормаланатын көлемі 6.4.1. -кестеде келтірілген.

6.4.1 -кесте

2025-2026 жылға қалдықтарды жинақтау лимиттері.

ҚОҚ	Пара қ
	84

Қалдықтардың атауы	Қазіргі жағдайдағы қалдықтарды жинақтау көлемі, т/жыл	Жинақтау лимиті, т/жыл
1	2	3
Құрылыс кезеңінде		
Барлығы		3,374287
С.і. өндіріс қалдықтары		1,310287
тұтыну қалдықтары		2,064
Қауіпті		
Бояудың қаңылтыр құтылары 08 01 11*		0,0026
Майланған шүберек 15 02 02*		0,003937
Қауіпті емес		
Қатты тұрмыстық қалдықтар 20 03 01		1,2
Құрылыс қалдықтары 17 09 04		1,3
Дәнекерлеу электродтарының күйіктері 12 01 13		0,00375
Тағам қалдықтары 20 01 08		0,864

7. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ФИЗИКАЛЫҚ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Физикалық әсерлерге: шаруашылық қызмет нәтижесінде туындайын шу, діріл, электр магнитті өрістер, радиоактивті заттардың иондаушы сәулеленуі, жылу бөлінуі, ультракүлгін және көрінетін сәуле шығару жатады.

Физикалық әсер ету көздерінің тізбесі және олардың сипаттамалары жобаланатын объектілер үшін жобалық ақпарат негізінде анықталады, жобалау сатысындағы физикалық әсерлер деңгейі есептік әдіспен анықталады.

7.1. Ықтимал шу әсерін бағалау

Құрылыс кезеңі кең қызмет спектрін, соның ішінде жер жұмыстарын қамтиды. Құрылыс жабдығымен жасалатын шу деңгейлері жабдықтың түрі, моделі, өлшемі және жай-күйі, жұмыстарды орындау графигі, жұмыстар жүргізілетін аумақтың жай-күйі сияқты факторларға байланысты айтарлықтай ерекшеленеді. Жұмыстардағы күн сайынғы өзгерістерден басқа, негізгі құрылыс объектілері бірнеше әртүрлі сатылар бойынша орындалады. Әр сатыға орындалатын жұмысқа байланысты белгілі бір жабдықтар жинағы сәйкес келеді. Құрылыс жұмыстарының көбі фондық шуылдың бүркемелеу әсері нәтижесінде шу әсері сонша білінбейтін күндізгі уақытта орындалады. Түнгі уақыттағы шу деңгейлері, мүмкін, жобалық учаскенің фондық деңгейлеріне дейін төмендетіледі. Құрылыс жұмыстары қысқа кезең ішінде жүргізіледі және олардың әлеуетті әсері уақытша және мерзімді сипатқа ие болады.

Кәдімгі құрылыс жабдығы үшін орташа шу деңгейлері 74 дБ(А) мен 85 дБ(А) шектерінде болады (бульдозер). Жалпы, көптеген құрылыс жабдығынан шығатын шудың негізгі көзі бекітіліп орнатылған күйде немесе қозғалысы шектелген жағдайларда тұрақты жұмыс істейтін дизель қозғалтқышы болып табылады. Бұл, әсіресе, дизель қозғалтқышының шу басқышы нашар болған жағдайларға қатысты. Тұрақты шу көздеріне кәсіпшілік компрессорлар, бульдозерлер және экскаваторер жатады. Алаңшада пайдаланылатын құрылыс жабдығы үшін шу деңгейлері, 19-кестеде

ҚОҚ

Пара
қ

85

көрсетілгендей, 15 м. 80 мен 90 дБ(А) шектерінде орналасқан. Құрылыс әсерін жалпы бағалау үшін, бір уақытта тек екі ең шулы жабдық түрі жұмыс істейтінін болжауға болады. Тек геометриялық таралуды (яғни, шу көзінің нүктесінен қашықтықты екі есе ұлғайтқан кездешімен 6 дБ төмендету) және 8-сағаттық жұмыс күнін болжай отырып, 25-кестеде келтірілген шу деңгейлеріне сүйене отырып, екі ең шулы жабдықтың максималды жүктемемен бір уақытта жұмыс істегені кезінде, шамамен 500 м қашықтықта шу деңгейлері 55 дБ (А) асатын болады. Тиісті шуды басу факторларын (мысалы, ауамен және бедер мен өсімдіктер арқасында жермен жұту әсері) және жұмыс жүктемелерін назарға алғанда, қашықтықты қысқартуға болады.

7.1.-кесте. Кәдімгі құрылыс жабдығымен әртүрлі қашықтықта тудырылатын шу деңгейлері

Құрылыс жабдығы	Шу деңгейі $Leq(1-h)^a$ қашықтықта [дБ(А)]					
	15 м	75 м	150 м	300 м	750 м	1500 м
Бульдозер	85	71	65	59	45	45
Экскаватор	82	72	68	56	42	42
Грузовик	88	74	62	62	48	48

$Leq(1-h)^a$ орнаған дыбысты тербелістер деңгейіне тең, ол 1 сағат ішінде өзгермелі дыбыс деңгейін қамтиды.

Жолдағы көлік қозғалысы да шу түрінде айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Ол құрылыс алаңшасына материалдарды әкелуді және әкетуді қамтиды. Бұл кезде туындайтын шу деңгейлері тез ұлғаюы және төмендеуі мүмкін. Жүк көліктерінің рейстері саны құрылыстың сатыларына байланысты өзгереді, алайда, жалпы, жергілікті жолдар бойынша көлік қозғалысының жалпы көлемі құрылыс сатысы ішінде ұлғаяды. Қарбалас сәттегі рейстердің ең көп саны кезінде және жүк көтергіштігі үлкен жүк көліктерінің рейстері кезінде шудың әлеуетті әсері ең жоғары болады.

Құрылыс объектісіне байланысты жолдағы көлік құралдарынан шығатын шудың әлеуетті әсерін анықтау үшін, көліктің сағаттық қозғалысы бойынша жолдан әртүрлі қашықтықта шу деңгейлерін бағалау жүргізілді. 8-сағаттық жұмыс күнін болжай отырып, жүккөтергіштігі үлкен және 80 км/с жылдамдықпен жұмыс істейтін жүк көлігінен өтпелі шудың ең жоғары деңгейі бағалаулар бойынша шамамен 83 дБ(А) құрайды. Шу деңгейлерін әртүрлі қашықтықта және көліктің сағаттық қозғалысы бойынша бағалау 7.2.-кестеде келтірілген.

7.2.-кесте. Жүккөтергішті үлкен жүк көліктерінен шығатын әртүрлі қашықтықтағы шу деңгейлері

Көліктің сағаттық қозғалысы	Шу деңгейі $Leq(1-h)^a$ қашықтықта дБ(А)					
	15 м	75 м	150 м	300 м	750 м	1500 м
1	50.7	43.8	40.7	37.7	33.8	30.7
10	60.7	53.8	50.7	47.7	43.8	40.7
50	67.7	60.7	67.7	54.7	50.7	47.7
100	70.7	63.7	60.7	57.7	53.8	50.7

Көліктің сағаттық Шу деңгейі Ldn^b қашықтықта дБ(А)

ҚОҚ

Пара
қ

86

қозғалысы	15м	75 м	150 м	300 м	750 м	1500 м
1	46.0	39.0	36.0	33.0	29.0	26.0
10	56.0	49.0	46.0	43.0	39.0	36.0
50	63.0	63.0	63.0	50.0	36.0	43.0
100	66.0	59.0	56.0	53.0	49.0	46.0

$Leq(1-h)^a$ жүк көтергіштігі үлкен, 80 км/с жылдамдықпен жұмыс істейтін жүк көлігімен және көлік ағынымен тудырылған және қашықтығы реттелген өтпелі шудың дыбыстық қысымының ең жоғары балама деңгейіне сүйене отырып бағаланды. (Leq – дыбыстық қысымның балама деңгейі) Ldn^b 8-сағаттық күндізгі ауысымды болжай отырып, бағаланды. (Ldn – орташа тәуліктік дыбыс деңгейі).

Жобаланатын объектіден тұрғын үй құрылысына дейін қашықтықтар айтарлықтай болғандықтан, бағаланатын дыбыс диапазонында қоршаған ортаны ластауға үлес шамалы ретінде бағаланады.

Шу әсерін төмендету бойынша қосымша шараларды жүргізу талап етілмейді, өйткені едәуір шалғайлығына байланысты, жобаланатын алаңша объектілерінен тұрғын жайларға тиетін шу әсері шамалы ретінде бағаланады.

7.2. Діріл әсерін бағалау

Электр энергияны пайдаланатын немесе өндіретін кез келген техникалық құрылғы сыртқы кеңістікке таратылатын электромагниттік өрістер (ЭМӨ) көзі болып табылады. Қалалық жағдайларда сәулелену ерекшелігі тұрғындарға жиынтық электромагниттік аясының (интегралды параметр) да, жекелеген көздерден шығатын қатты ЭМӨ -нің (дифференциалды параметр) да әсері болып табылады.

Шығу тегі антропогенді ЭМӨ-нің негізгі көздеріне телевизиялық және радиолокациялық станциялар, қуатты радиотехникалық объектілер, өнеркәсіптік жиіліктегі жоғары вольтты электр беріліс желілері, плазмалық, лазерлік және рентген қондырғылары, атом және ядролық реакторлар және т.б. жатады. Радиоэлектрондық қарсы іс—қимылда қолданылатын және судағы, жердегі, су астындағы, ауадағы стационарлық және жылжымалы объектілерде орналастырылатын арнайы мақсаттағы электромагниттік және басқа да физикалық өрістердің техногендік көздерін атап өту қажет.

ЭМӨ кейбір техногендік көздерінің спектралдық қарқындылығы адам және биосфераның басқа да жанды ағзалары бейімделген эволюциялық қалыптасқан табиғи электромагниттік айдан едәуір ерекшеленуі мүмкін.

Антропогендік көздердің электромагниттік сәулеленуі («электромагниттік ластану») талдау тұрғысынан да, сондай-ақ сәулелену қарқындылығын шектеу тұрғысынан да күрделі болып табылады. Бұл мынадай негізгі себептерге байланысты:

- көп жағдайларда ҚО эмиссиялық әсерді шектеу мүмкін емес;
- осы факторды басқа онша уытты емес факторға ауыстыру мүмкін емес;
- эфирді жағымсыз сәулеленуден «тазарту» мүмкін емес;
- ЭМӨ табиғи аяға дейін шектеуде тұратын әдістемелік әдіс қолайсыз;
- ЭМӨ ықтимал ұзақ уақытты әсер етуі (тәуләк бойы және тіпті бірнеше жылдар бойы);
- үлкен адамдар контингентіне, соның ішінде балаларға, қарт адамдарға және науқас адамдарға әсер етуі мүмкін;
- кеңістікте үлестірілген және әртүрлі жұмыс режимдері бар көптеген көздердің сәулелену параметрлерін статистикалық сипаттау қиын.

Жекелеген көздерден ЭМӨ бірнеше белгілер бойынша сыныпталуы мүмкін, оның ішінде ең ортақ белгісі - ЭМӨ жиілігі.

Қалалық жағдайларда электрмагниттік фон 10.00-ден 22.00-ге дейінгі айқын уақыттық максимумға ие, және де тәуліктік үлестірімде электрмагниттік фон өзгеруінің ең жоғары динамикалық диапазоны қысқы мезгілге, ал ең төмені – жазға келеді. Электрмагниттік фонның жиілікті үлестіріміне көпмодульдулық тән. Ең сипатты жиілік жолақтары: 50...1000 Гц (20-шы жиілік гармоникасына дейін 50 Гц) – энергиямен жабдықтау, 1...32 МГц – қысқа толқынды станциялардың хабар таратуы, 66...960 МГц – теледидар және радиохабарын тарату, радиотелефон жүйелері, радиорелелік байланыс желілері.

Қазіргі уақытта технологиялық жабдықтан электрмагниттік өрістер деңгейлерін нормалау саласында нормативтік-құқықтық құжаттар жоқ. Сондықтан объектінің қоршаған ортаға тигізетін электрмагниттік әсерін есепке алу және бақылау осы саладағы қор материалдарының және ғылыми зерттеулердің деректерін талдау және салыстыру жолымен жүзеге асырылады.

Электр өріс кернеулігінің нормативті ШЖД тұрғын жайларда 500 В/м құрайды. Бұдан басқа, кернеуі 300 кВ және одан жоғары ауа ЭБЖ-мен таратылатын электр өрістер үшін мынадай ШЖД белгіленген:

- тұрғын жайлар ішінде - 500 В/м;
- тұрғын үй құрылысы аймағында - 1 кВ/м;
- елді мекенде тұрғын үй құрылысы аймағынан тыс, сондай-ақ бау-бақшалар аумағында - 5 кВ/м;
- жоғарывольтты желілердің 1 ...4 санаттағы автомобиль жолдарымен қиылысу учаскелерінде - 10 кВ/м;
- елді мекендерде - 15 кВ/м;
- жетуге жолы қиын жерлерде және тұрғындар қатынауына жол бермеу үшін арнайы қоршалған учаскелерде - 20 кВ/м.

Қоршаған ортаны ЭМӨ әсерінен қашықтық және уақыт арқылы қорғау тәсілі негізгі болып табылады, ол техникалық та, ұйымдастырушылық та іс-шараларды қамтиды.

Құрылыс кезеңінде пайдаланылатын техника мен жабдық зиянды электрмагниттік немесе өзге сәулелерді түзбейді, нқандай да бір жиіліктік тербелістер көзі болып табылмайды және зиянды химиялық заттарды және биологиялық қалдықтарды шығармайды.

Жабдықтан және антенналы -діңгекті құрылысқа орнатылатын аппаратурадан шу, діріл немесе өзге де зиянды физикалық әсерлер жоқ.

7.3. Ауданның ықтимал радиациялық ластануын бағалау

Радиациялық әсерді бағалау қоршаған ортаның компоненттеріне иондаушы сәулеленудің (радиация) әсер ету аспектілерін зерделеу негізінде жүзеге асырылады.

Иондаушы сәулелену - жанды ағзалардың молекуларындағы химиялық байланысты үзіп, биологиялық маңызды өзгерістерді қоздыра алатын сәулелену. Иондаушы сәулеленуге жоғары жиілікті ультракүлгін сәуле шығару, рентгендік сәуле шығару, гамма-сәулелену жатады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығымен бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары» СҚ сәйкес, сәулелену көздерін қалыпты пайдалану кезінде объектінің иондаушы сәулелену әсерін бағалауды жүзеге асырған кезде келесі негізгі қағидаттарды басшылыққа алу қажет:

- барлық сәулелену көзінен азаматтардың сәулелену дозаларының белгіленген жеке шектерден асырмауды (нормалау қағидаты);

- иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалану жөніндегі қызметтің барлық түріне тыйым салу, бұл орайда алынған пайда адам мен қоғам үшін табиғи радиациялық ортаға қосымша сәуле алу келтіретін ықтимал зиян қатерінен аспайды (негіздеу қағидаты);

- иондаушы сәулелендірудің кез келген көзін пайдалану кезінде сәуле алудың жеке мөлшері мен сәуле алатын адамдар санының экономикалық және әлеуметтік факторларын ескере отырып, мүмкіндігінше төмен және қол жетерлік деңгейде ұстау (оңтайландыру қағидаты).

Объект көздерінен радиациялық әсер ету деңгейі 24 сағат ішінде әсер етуді ескере отырып мкЗ в/с деп белгіленеді.

Иондаушы сәулеленудің қоршаған ортаға әсерін бағалаудың негіздік критерийі биосфераның бөлігі ретінде адам ағзасына әсер ету деңгейі болып табылады.

Осылайша, сәулеленуге шалдығатын тұлғалардың келесі санаттары белгіленеді:

- персонал (А және Б топтары);

- барлық тұрғындар, соның ішінде, персоналға жататын тұлғалар, олардың өндірістік қызмет саласы мен жағдайларынан тыс.

Сәулеленуге шалдығатын тұлғалар санаты үшін үш нормативтер сыныбы белгіленеді:

- дозалардың негізгі шегі (ДШ);

- дозалардың негізгі шегінен туындайтын монофакторлық әсердің рұқсат етілетін деңгейлері;

- бақыланатын деңгейлер (дозалар, деңгейлері, активтілігі, ағындар тығыздығы).

Жоспарланатын қызметтің ерекшелігін ескере отырып, жобалық шешімдерді іске асырған кезде радиациялық әсер ету көздері жоқ. Қарастырылатын аумақтағы радиациялық фоносы аудан үшін қалыптасқан, табиғи болып табылады. "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" СҚ сәйкес осы аумақта шаруашылық қызмет радиациялық фактор бойынша шектелмейді. Осыған орай әлеуетті иондаушы сәулелену әсерін бағалау жүргізілмейді. Радиациялық әсер ету көздері болмағандықтан, жол берілетін радиациялық әсерлерді және радиоактивтік заттар эмиссиясын нормалау орындалмайды.

Осылайша, жобалық шешімдерді іске асырған кезде радиациялық фактор бойынша әсер жол берілетін ретінде бағаланады, өйткені бұл ретте радиациялық әсерді барынша азайту қағидаттарын сақтау бөлігінде "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" СҚ талаптары орындалады.

Осылайша, физикалық факторлардың қоршаған ортаға жалпы әсері жол берілетін ретінде бағаланады (әсер етудің төмен маңыздылығы).

7.4. Шуды төмендету және шудан қорғау жөніндегі іс-шаралар

Шуды төмендету процесі келесі шараларды қамтиды:

- дыбыс жұту,
- дыбыс оқшаулау,
- өшіру.

Жұмыс істеген кезде шу шығаратын машиналар мен агрегаттар, ұйымның үй-жайларындағы және аумағындағы тұрақты жұмыс орындарында дыбыс қысымының деңгейлерін және дыбыс деңгейлерін рұқсат етілген шамалардан асырмай пайдаланылуға тиіс.

Жоба бойынша объектілерді салу кезеңінде шу деңгейлерін төмендету жөніндегі негізгі шаралар мыналарды көздейді:

- шуды оның көзінде төмендету (шулы технологиялық процестер мен механизмдерді дыбыссыздарға немесе онша шулы еместерге ауыстыру);
- тетіктердің буындасуындағы қателерді (қиғаштықтар, орталықтар арасындағы қате қашықтықтар және т.б.) минимумға келтіретін, агрегаттың тетіктерін жинау жүйесі;
- соқтығысатын тетіктерді тұтқыр сұйықтықпен майлауды кеңінен пайдалану;

- құйын түзілу немесе ауа және газ шығару салдарынан шектен тыс шу шығаратын агрегаттарды (желдеткіштер, ауа үрлегіштер, пневматикалық аспаптар мен машины, ІЖҚ және т.б.) арнайы шу басқыштармен жабдықтау;
- шуды таралу жолында азайту (дыбыс оқшаулайтын қоршауларды, қаптамаларды, экрандарды орнату);
- есту мүшелерін қорғау үшін шудан жеке қорғаныс құралдарын қолдану (беруши, құлаққап, шлемы, сыртқы есту жолын жабатын шуға қарсы ішпектер; жұмсақ телпегі бар қорғаныс каскалар).

Шумен күресуді жабдықты уақтылы профилактикалық жөндеу, босап қалған қосылыстарды бұрап тарту, айналмалы бөліктерін уақтылы майлау жолымен жүргізеді.

8. ЖЕР РЕСУРСТАРЫНА ЖӘНЕ ТОПЫРАҚҚА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

8.1. Жер пайдаланудың күй-жайы мен шарттары, көзделіп отырған объектіні орналастыруға арналған аумақтың және меншіктің түріне сәйкес іргелес шаруашылықтардың жер балансы

Топырақ түзілу процестерінің негізгі бағытын белгілейтін топырақ жамылғысы қалыптасуының жалпы биоклиматтық жағдайлары бойынша, Атырау облысы ендік шөл аймағына орайластырылған. Топырақ-географиялық белдемділік жүйесінде шөл аймағы екі белдем тармағына бөлінеді: сұрғылт және сұр-қоңыр шөл топырақтары. Атырау облысының топырақ жамылғысы әртүрлі топырақ түзілу жағдайларына байланысты әртектілігімен ерекшеленеді. Осыған орай сипатталатын аумақ шегінде қалыптасу айрықшалығы және топырақ жамылғысының құрылымы бойынша едәуір ерекшеленетін бірнеше ірі табиғи аудандарды белгілеуге болады.

Тізбекті-адырлы бекіген құмдар массивін жиектейтін құмдақ және құмды бөктерлі-толқынды жазықтардың топырақ жамылғысы, бедердің төменгі жерлерін алатын қалыпты сұрғылт шөл, сондай-ақ ішінара сұрғылт шөл сорланған топырақтармен ұсынылған. Сондай-ақ, сортаңдар да кең таралған. Топырақ жамылғысы құрылымында сорланған сұрғылт шөл топырақтары азғантай орын алады. Ең терең депрессиялар бойынша аңғарлар арасында кәдімгі сортаңдар, кей жерлерде сорлы сортаңдар кездеседі. Тән ерекшелігі топырақ жамылғысы құрылымында сорлар мен сортаңдар басым болуы, соның ішінде ағынсыз ойстардың түбіндегі сорлар. Белдемдік автоморфтық топырақтардың қалыптасуы, олар арасында сұрғылт сортаң шөл топырақтары мен сортаң кешендері абсолют басымдыққа ие.

8.2. Топырақ жамылғысының қазіргі жағдайының сипаттамасы

Сипатталатын аумақ топырақты-географиялық аудандау бойынша солтүстік шөлдің сұрғылт топырақтарды белдем тармақтарының провинциясына жатады.

Аумақтың климаттық жағдайларының құрғақшылығы, сорланған топырақ түзуші таужыныстарының кең таралуы топырақтардың төмен гумусталғандығын, карбонаттар мен оңай ерітілетін тұздрдан әлсіз сілтісізденгендігін, топырақ ерітінділерінің жоғары сілтілігін және топырақтар сорлану процестерінің білінуі.

Ауданның топырақтары төмен агроэкологиялық әлуетке ие, суармалаусыз егіншілік үшін жарамсыз және тек өнімі аз жайлау жерлері ретінде ғана пайдаланылуы мүмкін. Беткі қабаттардың шымдалмағандығы, топырақтың әлсіз гумусталғандығы және сорланғандығы олардың төмен табиғи төзімділігін және антропогендік әсерлерден зақымдалғыштығын белгілейді.

Топырақ жамылғысын мониторингілеу

ҚОҚ

Пара
қ
90

Кен орнындағы топырақтарды мониторингілеу қоршаған ортаны өндірістік мониторингілеу жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және:

- кен орны объектілерінің топырақ жамылғысына әсері туралы сенімді ақпаратты уақтылы алу;
- мұнай өндірудің табиғи кешендерге техногендік әсері болжамын бағалау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу және жою бойынша ұсыныстарды әзірлеу, топырақтарды ұтымды пайдалану және қорғау мақсатында жүргізіледі.

Кен орны консервацияда болғандықтан, топырақ жамылғысын мониторингілеу жүргізілген жоқ.

8.3. Топырақ жамылғысына күтілетін әсердің сипаттамасы

Осы жобада осы жобаны іске асыруға байланысты топырақ жамылғысына және топыраққа әсер етудің антропогенді (физикалық және химиялық) факторларының сипаттамасы келтірілген.

Антропогенді әсер ету факторлары екі үлкен топқа бөлінеді:

- физикалық;
- химиялық.

Физикалық факторлардың әсері көбінесе топырақ жамылғысына механикалық әсер етумен сипатталады (автокөлік қозғалысы, құрылыс).

Химиялық әсер ету факторларына шарашылық-тұрмыстық ағынды суларын, тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды авариялық (кездейсоқ) ЖЖМ төгілуін жатқызуға болады.

Физикалық факторлар

Автокөлік. Аумақтың топырақ жамылғысының ең үлкен азу дәрежесі зерттелетін алаңда жұмыстарды жүргізген кезде қалың дала жолдар желісінің дамуына байланысты болуы мүмкін: ЖЖМ және т.б., жұмыс персоналын вахталық кенттен күн сайын жеткізу.

Жол дигрессиясы кезінде экожүйенің барлық компонентері өзгерістерге ұшырайды - өсімдіктер, топырақ және тіпті литогендік негіз де. Бұл ретте өсімдіктер толық немесе ішінара жойылады, топырақ қабаттары бұзылады, тозандатылады және тығыздалады.

Бұзылғандық дәрежесі жүктемелер қарқындылығына және экожүйелердің ішкі төзімділігіне тәуелді болады. Осындай бұзуларды бағалау көліктік әсер түрлерін бағалау тұрғысынан, жасалған бұзулардың алаңы бойынша да, әсер ету дәрежесі бойынша да жүргізіледі. Бұл ретте, әдеттегідей, топырақ қыртыс қабатының жағдайы, олардың қуаты, тығыздығы, құрылымы, ізаралығы тереңдігі, дефляция және жемірілу процестерінің білінуі. Неғұрлым жете бағалуды жүргізген кезде топырақтардың физикалық-химиялық қасиеттерін анықтау бойынша зертханалық талдаулардың материалдары тартылуы мүмкін. Бұл жағдайда топырақтар азуының көрсеткіштері қарашірік қорларының азаюы, топырақ ерітіндісі реакциясының өзгеруі, оңай ерітілетін тұздар мен карбонаттардың мөлшері ұлғаюы туралы деректер, сондай-ақ су—физикалық қасиеттерінің нашарлауы туралы деректер болуы мүмкін. Жол дигрессиясы рөлін бағалау, әдеттегідей, бес балдық сапалық-сандық шкала бойынша жүргізіледі.

Жерлерді мониторингілеу жөніндегі ғылыми-әдістемелік ұсыныстарда топырақ жамылғысының бұзылу дәрежесін бұзылулар тереңдігі бойынша келесі түрде бағалау ұсынылады:

- болмашы дәреже – бұзылу тереңдігі 5 см дейін;
- орташа дәреже – бұзылу тереңдігі 6-10 см;
- қатты дәреже – бұзылу тереңдігі 11-15 см;
- өте қатты дәреже – бұзылу тереңдігі 15 см астам.

Жол дигрессиясы, ең алдымен, топырақ кескінінің деформациясында білінеді. Топырақтардың деформацияларға меншікті кедергісі олардың генетикалық қасиеттеріне тура байланысты. Бұл ретте сутөзімді агрегаттардың және жоғары дисперсиялы материалдардың механикалық құрамының, ылғалдылығының көрсеткіштері, құрамы аса маңызды мағынаға ие. Өзге тең жағдайларда топырақтардың техногендік бұзылуларға төзімділігі шөл топырақтарынан дала топырақтарына және механикалық құрамы жеңіл топырақтардан сазды және ауыр сазды топырақтарға қарай өседі. Құрғатылған күйде болған жоғарғы гумус қабаттарында жүктеме күшейтілген кезде топырақ агрегаттарының құрылымы толық бұзылуы мүмкін. Топырақ массасы бөлек ішінара тозанды қалпына келеді. Тығызданым неғұрлым терең қыртыстарға ауысады.

Нәтижесінде, бұзылған ауданда бастапқыға қатысты өзгерген морфологиялық, химиялық және биологиялық қасиеттерімен топырақтар қалыптасады.

Шөлді аумақтар топырақтарының көп бөлігі өз физикалық-химиялық қасиеттері бойынша антропогенді жүктемелерге біршама тұрақсыздыққа ие.

Олардың тығыз шымды қабаты жоқ, олардың беті өсімдіктермен әлсіз қорғалған, сонымен бірге жыл ішінде көп уақыт кезеңінде олар құрғақ күйде болады, бұл олардың физикалық әсерлерге ұшырағыштығын арттырады.

Топырақ құрғақ күйде болған жағдайда, автотракторлық техниканың жүрістік бөлігінің әсері айтарлықтай тереңдікке жетеді, құм массасы қозғала бастайды. Құм алқаптарындағы бұзылыс іздері барқанға айналу процестеріне және өсімдіктердің толық азуымен бірге бекітілмеген құмдардың айтарлықтай ошақтарының дамуына әкеледі.

Топырақтардың, сондай-ақ тұтас экожүйенің төзімділігі, тең механикалық жүктемелер жағдайында, олардың морфогенетикалық және физикалық-химиялық сипаттамалары жиынтығына, сондай-ақ оларда өтетін жетекші процестерге байланысты. Бұл, ең алдымен, топырақтардың механикалық құрамы, тығыз генетикалық қыртыстардың болуы, топырақтар бетінің өсімдіктермен жабылу дәрежесі, беткі қыртыстардың шымданғандығы, гумус құрамы, кескінде, әсіресе беткі қыртыстарда оңай ерітілетін тұздар және гипс болуы, сіңірілген катиондар құрамы, топырақ құрылымының беріктігі, ылғалдану сипаты (су тәртібінің түрі). Топырақтардың механикалық антропогендік әсерлерге төзімділігін белгілейтін жетекші фактор рөлін жиі оларды ылғалдандыру сипатында байқалатын су тәртібі атқарады.

Топырақтарды механикалық бұзулар

Топырақтардың механикалық бұзылулары жоғарғы құнарлы қыртыстардың жойылуында, олардың құрылымдық жағдайы бұзылуында және жердің микробедерінің қайта нығыздалуында, өзгертілуінде байқалады (шұңқырлар, орлар, үйінділер, шығарындылар, жолдағы ізаралықтар) .

Антропогендік әсерлер кезінде топырақ жамылғысының азу түрі және дәрежесі, ең алдымен, топырақ түзілудің биоклиматтық және геоморфологиялық жағдайыларымен себептелген топырақтардың морфологиялық және физикалық-химиялық қасиеттер кешенімен белгіленеді (топырақтардың механикалық құрамы; тығыз генетикалық қабаттардың болуы: қыртыс, сортаң; беткі қабаттардың шымданғандығы және көңделгендігі; сіңірілген катиондар құрамы; суға төзімді агрегаттардың құрамы, су тәртібінің түрі және т.б.). топырақтардың табиғи құнарлығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олардың экологиялық функциялары антропогендік баспаққа төзімді болады. Зерттеулер аз гумусты құрылымсыз топырақтарға қарағанда, жақсы гумусталған құрылымдық топырақтарда антропогендік жүктемелердің рұқсат етілген деңгейлері едәуір жоғары екенін көрсетеді.

Зерттелетін учаскелер шегінде жүргізілген топырақ зерттеулері (қор материалдарын зерттеу, талдамалық деректерді және дала зерттеулерінің деректерін жинақтау) зерттелген аумақ топырақтары буферлігінің төмен табиғи көрсеткіштері туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай осы аумақ үшін топырақтардың антропогенезге төзімділігінің анықтаушы критерийлері механикалық құрамы, су тәртібінің және тұздардың кескін бойынша үлестірілу ерекшеліктері болып табылады.

Көптеген зертеушілердің деректері бойынша механикалық құрамның топырақтардың меншікті кедергісіне әсері анықтаушы болып табылады. «Қазақстан Республикасының жерлерін мониторингілеу бойынша ғылыми-әдістемелік нұсқауларға» сәйкес, физикалық саздың бөлшектер мөлшері бойынша (0,01 мм кем фракциялар) топырақтардың механикалық сипаттағы антропогендік әсерге төзімділік дәрежесі келесі көрсеткіштермен анықталады: 20% астам – қатты, 10-20% – орташа, 10% кем – нашар.

Зерттелген аумақтың топырақтары гранулометриялық құрамы бойынша, негізінде, әлсіз сазды. Тек бір шағын учаске сазды топыраққа жатады.

Осындай топырақтар механикалық әсерлерге едәуір шамалы төзімділігімен ерекшеленеді.

Әсердің сипатын белгілейтін маңыздылығы кем емес басқа сыртқы фактор жел белсенділігі болып табылады. Топырақтар құрамы жеңіл механикалық болып табылатын учаскелерде көктемде

ең жоғары эол белсенділігі кезеңінде жұмыс істеу дефляция процестерінің күрт күшеюімен сүйемелденуі мүмкін.

Химиялық факторлар

Жұмыстарды жүргізу аумағында топырақ жамылғысының химиялық ластануының негізгі әлеуетті факторлары:

- атмосферадан түсетін газ-тозанды шөгінділер нәтижесінде ластану;
- құрылыс қалдықтарымен ластану;

Әсер ету ауқымы бойынша топырақтардың барлық химиялық ластану түрлері нүктелілерге жатады. **Топырақтардың атмосферадан түсетін газ-тозанды шөгінділер нәтижесінде ластануы** газ-тозанды шығарындылар көлемдеріне және олардағы ластанушы заттар концентрациясына мөлшерлес. Бұл ластану түрінің көздері осы жобаның «Атмосфералық ауаға әсерді бағалау» бөлімінде сипатталған барлық шығарындылар көздері болып табылады. Әрекетінің мерзімдік сипаты, кезеңділігі, шығарындылардың біршама төмен қарқындылығы және шашырау үшін қолайлы метеоклиматтық жағдайлар салдарынан осы факторлардың топырақ жамылғысына әсері өте шамалы және іс жүзінде еленбейтін болады.

8.4. Топырақ-өсімдік жамылғысына жағымсыз әсерді төмендету бойынша іс-шаралар

Топырақтың механикалық әсерлерге реакциясы көбінесе ылғалдандыру сипатына байланысты. Топырақ кескіні неғұрлым ылғалды болса, бұзылулар соғұрлым үлкен тереңдікке таралады. Осыған байланысты топырақ жамылғысының азу дәрежесі жұмыстарды жүргізу маусымына едәуір тәуелді. Сондай-ақ, жол желісін ретке келтіруге бағытталған ұйымдастырушылық шараларды жүргізу де айтарлықтай маңызды болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде ҚР Экологиялық кодексінің 397 бабына сәйкес талаптарды орындау қажет

ҚР ЭК 397 б. сәйкес, ЖЖМ және басқа заттардың ағып кетуіне тыйым салынады, өйткені оның салдарынан топырақ пен жер асты сулар ластанады, осы ластанудың алдын алу үшін оқшаулау жұмыстарын жүргізу қажет, осыған орай мазутталған топырақ түзілуіне де тыйым салынған.

Объектілерді салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу процесінде антропогендік әсерлерді жұмсартуға бағытталған іс-шаралар кешені көзделген:

- қатыстырылған көлік қозғалысы тек бар немесе бөлінген жолдар бойынша жүзеге асырылуға тиіс движение;
- қалдықтарды жергілікті жинау және сақтау орындарын орналастыру;
- өндірістік жабдық орналастырылмаған жерлерде өсімдікті сақтау;
- жұмыс учаскелерінің шекараларын анық сақтау;
- көлікке, құрылыс техникасы мен өндірістік жабдыққа тұрақты техникалық қызмет көрсету және оны жасаушылардың стандарттарына сәйкес пайдалану;
- көліктің жұмысы ұзақтығын оңтайландыру;
- көлік қозғалысы жылдамдығын шектеулерді енгізу;
- жұмыскерлер және басқару буын арасындағы жаттықтыру сабақтарына қоршаған ортаны қорғау мәселелерін енгізу.

8.5. Топырақтардың экологиялық мониторингін ұйымдастыру почв

ҚОҚ

Пара
қ
93

Топырақтардың экологиялық мониторингі, қолданыстағы топырақтар бойынша талаптарға сәйкес, топырақтардың ластану деңгейін қадағалауды көздеуге тиіс.

ЭМЖ жасаған кезде жылына 2 реттен сирек емес топырақтардың мониторингін жүргізуді жоспарлау ұсынылады.

9. ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

9.1. Ауданның өсімдік жамылғысының қазіргі жағдайы

Зерттелген аумақ каспий маңы ойпатының оңтүстік-шығыс жағында орналасқан және ботаникалық–географиялық аудандастыруға сәйкес Солтүстік-Туран шөлдерінің белдем тармағына жатады.

Өсімдік жамылғысында шала бұта биотүрлері және ксерофит пен галафит флорасының түрлері басым.

Ең жиі итсигек, ебелек, эфемерлер мен эфемероидтардың (шөл жауылшасы, София сармала, шығыс мортығы, татар рауғашы) шамалы қатысуымен жусан монодоминантты қауымдастықтар қалыптастырады.

Дала дәндері (тарақбоз тырсық, сынғыш бидайық және тарамладған бидайық) ілесетін жусан зерттелген аумақтың батыс жағында кездеседі. Оңтүстік және шығыс жақтарында биюргунмен және кейреуікпен жусанның галофитті түрлері таралған.

Түрлік құрамының айрықшылығына байланысты келесі ассоциациялар бөлінген: ақ жерлі-жусанды, ақ жерлі-жусанды - итсигекті, ақ жерлі-жусанды -тырсықты, ақ жерлі-жусанды -дәнді, ақ жерлі-жусанды -еркекті, ақ жерлі-жусанды кейреуікті, ақ жерлі-жусанды -биюргунді.

Зерттелетін аумақта жазықтың жайпақ және шамалы белесті учаскелерінің және денудациялық кертпештің сұрғылт сорланған топырақтарына және сұрғылт сортаңдарына орайластырылған биюргун қауымдастықтары едәуір таралған.

Биюргундер негізінде учаскенің оңтүстік және солтүстік бөліктерінде кездеседі. Жазықтың жайпақ бедеріне монодоминантты биюргун қауымдастықтары орайластырылған. Бедердің толқынды элементтерінде биюргун ақ жерлі жусанмен, көкпекпен, мортықпен, сармаламен, қоңырбаспен, бозсораңмен, қарасағанмен бірге өседі. Анда-санда биюргун жайылымдарында итсигек кездеседі.

Учаскенің солтүстік-батыс бөлігінде денудациялық кертпештің шамалы белесті бетінде еркек қауымдастықтары кеңінен таралған. Олардың астындағы топырақ құрамы жеңіл механикалық (жеңіл саздақ, құмайт). Тырсықпен және жусанмен бірге өсіп, еркек еркек- тырсықты және еркек- ақ жерлі-жусан жайылымдарын құрады. Басымдыққа ие өсімдіктерден басқа, мүйіз пішінді теріскен, жатаған изен, шығыс мортығы, шөл жауылшасы, түймелі қоңырбас, София сармала шағын көлемде кездеседі.

Көкпек қауымдастықтары учаскенің оңүстік-батыс бөлігінде таралған. Делювийлі-пролювийлі жазықтың тегістелген беттерінде сұрғылт сортаң, сорлы саздақ топырақтарда және сұрғылт сорларда кездеседі.

Көкпек монодоминантты қауымдастықтарды қалыптастырады, соның ішінде ақ жерлі жусанмен бірге. Түрлік құрамында шала бұталар мен жартылай бұташықтар басым (боз көкпек, сортаң бұйырғын, итсигек, ақ жерлі жусан). Басқа өсімдіктердің рөлі шамалы - бұл эфемерлер және эфемероидтар (шөл жауылшасы, түймелі қоңырбас, шығыс мортығы).

Тырсық қауымдастықтарының шағын учаскелері солтүстік-батыс бөлігінде денудациялық кертпештің шамалы белесті бетінде кездеседі, шөл өсімдіктерімен кешендер түзіп, аймақтық сұрғылт топырақта орналасады.

Осы қауымдастықтар құрамында шөптесін ксерофитті көпжылдықтар басым. Тарақбоз тырсық ақ жерлі жусанмен және басқа өсімдіктердің шамалы қатысуымен қауымдастықтар түзеді: жатаған изен, шығыс мортығы, шөл жауылшасы, баданалы қоңырбас.

Аймақтық топырақтардағы бір үйлі жусан қауымдастықтары учаскенің өсімдік жамылғысында үлкен рөл атқармайды. Олар ағынның қойнауында шалғын-сұрғылт сортаң, ауыр саздақ және сазды топырақтарда ең көп таралған. шалғындарда, бір үйлі жусан доминантынан басқа, көпжылдықтар арасынан дәнді дақылдар - тарамдалған бидайық, тарақбоз тырсық, жартылай бұташықтар - жатаған изен, сортаң бұйырғын, көпжылдық түрлі шөптесін шөптерден - кәдімгі жантақ, Коржинский миясы, жатаған уекіре, эфемерлер мен эфемероидтардан - шығыс мортығы, баданалы қоңырбас. Жусан монодоминанттық бір үйлі -жусан және бір үйлі жусан-дәнді қауымдастықтар құрады.

Өсімдік жамылғысы әлсіз қалпына келтіру әлеуетіне ие, өйткені оңай зақымдалуға бейім, антропогендік әсерлерге төзімсіз және топырақтардың жеңіл механикалық құрамы өсімдіктердің тез тамырлануына және өскіндерінің бекітілуіне жағдай жасамайды.

Ақ жерлі жусан осы аумақ үшін аймақтық өсімдік түрін сипаттайды, сондықтан мұнай кәсіпшілігінің өнеркәсіптік аймағында ол қатты техногендік әсерге ұшырайды және қорғауды қажет етеді.

Жалпы, зерттелген аумақтың бұзылмаған жерлерінің өсімдік жамылғысының қазіргі жағдайын қанағаттанарлық деп есептеуге болады.

9.2. Көзделген қызметтің өсімдік жамылғысына әсерін бағалау

Аумақтың өсімдік жамылғысының жай-күйіне табиғи да, антропогендік те факторлар әсер етеді, олардың шоғырланымдық нәтижесі өсімдіктердің де, тұтас экожүйенің де динамикалық процестерінің дамуы мен бағытында көрсетіледі.

Динамикалық процестерді шартты түрде 3 топқа біріктіруге болады:

- табиғи (климаттық, эдафикалық, литологиялық және т.б.);
- антропогендік-табиғи, немесе антропогендік-ынталандырылған, шөлге айналу, сорлану);
- антропогендік (мал жаю, құрылыс және т.б.).

Табиғи процестер ландшафттық-өңірлік, физикалық-географиялық жағдайларға тығыз байланысты. Егер оларды жеке қарастырса, олар неғұрлым тұрақты, олардың даму заңдылықтары анық және өсімдіктің азуына әкеп соқпайды (дүлей зілзала мен апаттарды қоспағанда).

Өсімдіктердің табиғи динамикасы циклдік флюктуациялар немесе сукцессиялар сипатына ие, өйткені эволюциялық дамуының ұзақ тарихи кезеңі ішінде өсімдіктер мекендеу ортасының нақты жағдайларына бейімделді.

Әртүрлі экожүйе типтерінде өсімдіктердің табиғи алмасуы (флюктуациялар, сукцессиялар) әртүрлі өтеді және олардың өз заңдылықтары бар.

Зерттеу массивінің өсімдігі өте катал табиғи жағдайларда дамиды: климаттың құрғақшылығы, температура ауытқуының үлкен амплитудалар, топырақта көтерілетін минералды ерітінділер басымдығын қоздыратын сортаң топырақ түзуші және төсеңіштік жыныстардың кең таралуымен бірге ылғал жетімсіздігі.

Экожүйелер мен өсімдіктердің қазіргі динамикасында антропогендік-табиғи процестер басым, өйткені өңірдегі қарқынды шаруашылық қызмет салдарынан таза табиғи процестерді бөліп шығару мүмкін емес. Олар тек экожүйелердің азуына әкеп соғатын антропогендік факторлар оның үстіне қаланатын ая болып табылады.

Антропогендік процестер адамның осы аумақтағы шаруашылық қызметіне тікелей байланысты. Олар өсімдіктердің және экожүйенің басқа да компоненттерінің (топырақтың, жануарлар әлемінің және т.б.) механикалық (мал жаю, жою) және химиялық (қоршаған табиғи ортаны ластау) зақымдалуын қоздыратын әртүрлі антропогендік факторлар әсерінен тууындайды. Антропогендік ауысымдар неғұрлым жылдам қарқынмен өтеді және табиғи және антропогендік-табиғи процестерді жылдамдатады. Антропогендік-ынталандырылған, антропогендік және табиғи процестердің өзара іс-қимылы осы аймақтың шөлейттену процесінің дамуын ынталандырады.

Аумақтың экожүйелеріне әсер ету дәрежесі бойынша келесі антропогендік факторлар белгіленеді:

1. Жайылымдық (малды жаю, шектен тыс жаю) – әлеуетті қайтымды әсер ету түрі, мал жүктемесіне және өсімдіктің жайылымдық құндылығына байланысты барлық аумақ бойында әр түрлі дәрежеде көрсетіледі. Зерттелетін учаскенің топырақтары қарқынды тұздануы салдарынан, өсімдік құрамында минералды тұздардың едәуір мөлшері бар, сондықтан мал оны тек жауын-шашыннан кейін жей алады. Жерлер тек түйелер үшін қысқы жайылымдар ретінде ғана пайдаланылады.

2. Көліктік (жол желісі) – желілік-жергілікті қайтымсыз әсер ету түрі, жол трассалары бойынша өсімдік жамылғысының толық жойылуымен, трасса бойындағы өсімдіктердің тозаңдануымен және химиялық ластануымен сипатталады. Кен орны объектілерінің және елді мекендердің маңында жолдар жиеленуі салдарынан, ең анық білінеді.

3. Пирогендік– (өрттер) жергілікті әсер ету түрі, барлық экожүйе түрлеріне тән. Бұталар басқан және тозған шүберектермен қоқырсыған учаскелерде өсімдіктер жағдайын жақсарту, «жасарту» үшін оң фактор ретінде бағалануы мүмкін, бірақ жануарлар, әсіресе омыртқасыздар (жәндіктер) үшін қырғын фактор болып табылады.

4. Өнеркәсіптік (мұнайды барлау және өндіру) – 100-1000м радиусында экожүйелердің қатты бұзылу дәрежесімен жергілікті әсер ету түрі (өсімдік жамылғысының тозаңдануы, мұнай өнімдері және басқа да химреагенттердің төгілуі нәтижесінде химиялық ластану ошақтары, жер оттылығын жаппай жою).

Осы факторлардың аумақтық әсер ету салдарлары бірдей емес. Оның үстіне, барлық жерлерде экожүйелер біруақытта көптеген факторлардың әсеріне ұшырайды, бірақ бұл әсерлердің интегралды, шоғырланымды нәтижесі бірдей емес және нақты учаскелердегі өсімдіктердің бастапқы жағдайына және әлеуетті төзімділігіне байланысты.

Өсімдіктерге әсер ету көздері:

- жерлерді алып қою;
- көліктің және арнайы техниканың қозғалысы;
- қатты өндірістік және тұрмыстық қалдықтар, ағынды сулар болып табылады.

9.3. Өсімдік ресурстарын пайдалану көлемдерін негіздеу

Көзделген қызметті іске асыру кезеңінде Ш.Мақат кен орнында өсімдік ресурстары пайдаланылмайды.

9.4. Жоспарланатын қызметтің өсімдікке әсер ету аймағын анықтау

Көзделген қызметті іске асыру кезеңінде Ш.Мақат кен орнында өсімдік ресурстары пайдаланылмайды.

9.5. Өсімдік жамылғысында күтілетін өзгерістер

ҚОҚ

Пара
қ
96

Санкцияланған иеліктен шығару учаскесінен басқа аумақ бойынша санкцияланбаған жолдар желісі даңғылданады. Бұл өсімдіктері тозған қосымша алаңдар пайда болуына әкеп соғады. Даңғылданған жолдар желісі кеңейген сайын, шөлдену ошақтарының кеңею ықтималдығы өседі.

Қазіргі уақытта табиғи аймақтық өсімдіктермен ұсынылған зерттеу аймақтары қатты антропогендік әсерге ұшырауы мүмкін. Осыған орай өнеркәсіптік алаңшалар айналасында топырақтардың морфологиялық кескіні толық бұзылады. Осындай учаскелерде ұзақ уақыт бойы өсімдік өспейді. Тікелей әсер тоқтатылғаннан кейін (3 айға дейін) екінші-үшінші жылы біртіндеп өсе бастайды.

8.1. Өсімдік қауымдастықтарын сақтау бойынша ұсыныстар

Шөлді аумақтарды шаруашылық игерген кезде орнықсыз топырақтардың ұшырылуы және құм күртіктері салдарынан қиындықтар туындайды. Бұл әсіресе қазір, жаңа мұнай және газ кен орындарын игеріне байланысты қарастырылатын ауданда игеру қарқыны кеңейіп бара жатқанда сезінерлік. Дефляция процестерінің сонша қарқынды дамуына ыстық құрғақ климат, жауын-шашынның аз мөлшері және жел режимі жағдай жасайды. Кен орнында мұнайды іздеу жұмыстарын жүргізу және жақындағы мұнай кен орындарын игеру нәтижесінде өсімдік жамылғысының тозуы орын ағанын есепке алу қажет.

Жағымсыз әсерлерді болдырмау үшін кен орнында жоспарланған жұмыстарды жүргізген және өсімдіктері жойылған және өзгертілген алаңдарды қысқартқан кезде өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау қажет:

- жаңадан салынатын қара жолдар санын барынша азайту;
- жерлерді ұтымды пайдалану, құрылыс кезінде жұмыс аймағының оңтайлы өлшемін таңдау. Бұрғылау қондырғысы алаңшасындағы объектілердің орналасуы бекітілген жабдықты орналастыру сұлбасына сәйкес болуы тиіс;
- құнарлық топырақ қабатын алу және оны кейіннен қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде пайдалану үшін сақтау;
- жол төсемін кеңейтуге жол бермеу;
- жұмыстарды жүргізген кезде әсерге ұшырайтын алаңдар өсімін тоқтатуға мүмкіндік беретін профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру;
- сорлы учаскелер бойынша жол салмау (әсіресе олардың жиегі бойында);
- санкцияланбаған аумақты шаруашылық қажеттіліктер үшін пайдалануды болдырмау.

Қоршаған орта жағдайындағы өзгерістерді бақылау және бағалау, олардың ары қарай дамуын болжау және қолданылатын табиғатты қорғау шараларының тиімділігін бағалау мақсатында өндірістік мониторингті жүргізу көзделген.

9. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІНЕ ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

9.1. Жұмыстарды жүргізу ауданының жануарлар әлемі. Сирек кездесетін, құрып кету қатері төнген және Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар түрлері болуы.

Жануарлар әлемінің жағдайы табиғи да, сондай-ақ антропогендік те факторларға байланысты. Бірақ, егер мекендеу ортасы жағдайларының өзгеруіне табиғи процестер әсер етсе, экожүйелердегі өзгерістер эволюциялық жолмен өтсе, антропогендік факторлардың әсері басым болғанда жағымсыз өзгерістер секірмелі сипатқа ие болуы мүмкін, бұл көп жағдайларда қалыптасқан экожүйелердің бұзылуына әкеп соғады.

Шаруашылық қызметті жүзеге асырған кезде жануарлар әлеміне әсер ету дәрежесі зерттелетін аумақтағы жануарлар әлемінің биологиялық аулан түрлілігінің сақталуымен анықталады. Осыған орай жануарлар әлемінің ағымдағы сәттегі жай күйін білу қажет. Жануарлар әлемінің бастапқы жағдайын, фаунаның түр алуандығын, олардың таралу ареалын, жануарлардың қоныс аудару жолдарын сипаттау үшін ҚР БҒМ ҰҒА зоология институтының, мерзімдік басылымдардың материалдары және Қор материалдарының нәтижелері пайдаланылған.

Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауында аса бай мұнай мен газ кен орындарын қарқынды игеру, экожүйелерге өспелі техногендік әсер ету жағдайында экологиялық тепеңдікті сақтауға байланысты мәселелерді кешенді шешуді талап етеді.

Каспий теңізінің Солтүстік жағалауының, соның ішінде Жайық ө. сағасының, жануарлар әлемінің байлығы және ерекшелігі бойынша республикада аналогы жоқ, сондықтан бұл өңір ұлттық қана емес, айтарлықтай дәрежеде халықаралық маңызға да ие.

Каспий теңізінің Солтүстік жағалауы омыртқалы жануарлар фаунасының біршама жоғары түрлік байлығымен сипатталады. Мұнда (тұрақты және уақытша) 3 қосмекенді түрі, 12 бауырмен жорғалаушылар түрі, 260 жуық құс түрлері, 46 сүтқоректілер түрі кездеседі.

Аудан эндемикалық түрлерге біршама бай (60 астам ағза түрлері әлемнің басқа еш жерінде кездеспейді), бірақ фаунаның негізгі белгісі оның кешенділігі болып табылады. Шығыс, солтүстік және ішінара солтүстік-батыс жағалауын Орталық Азия мен Қазақстанның шөлді өңірлерімен генетикалық байланысты Иран-Туран мен Орта Азиядан шыққан түрлері мекендейді. Батыс және ішінара солтүстік жағалауын еуропадан шыққан мезофильді түрлер және голарктикалық түрлер мекендейді. Сүтқоректілерден эндемиктерге ескекаяқтылардың жалғыз түрі – каспий итбалығы жатады.

Жағалаудағы су және атыраулық биотоптармен тығыз байланысты түрлерге 4 түр жатады: батпақ тасбақасы, каспий тасбақасы, су сарыбас жыланы және кәдімгі сарыбас жылан.

Жер үсті ценоздарда кездесушілік бойынша бауырмен жорғалаушылардан ең көп санды түрлер дала ешкімері және түрлі түсті кесірт, саны бойынша үшінші орында тақыр батбаты, ол ошақтық кең таралған түр болып табылады, бірақ олардың мекендеу тығыздығы шамалы, маршруттың бір шақырымына 0,4 -тен 2 дараға дейін. Бедердің тегістелгендігі және азайған өсімдік жамылғысы климаттың қаттылығын күшейтеді, әсіресе қарсыз қыста қыстау кезінде. Келтірілген факторлардан басқа, Каспийдің солтүстік жағалауының бірталай бөлігі теңіздің трансгрессиясына байланысты желбөгет сулар астында қалады, бұл кесірткелердің толық қырылуына әкеп соғады дерлік.

Герпетофаунаны шектейтін факторлардың табиғи теріс әсері түрлік және сандық жағынан да антропогендік әсермен күшейтіледі.

Сүтқоректілер саны 46 түр болып есептеледі, олардың ішінде 4 түр көп санды санатына жатады - түлкі, дала сасықкүзені, киік және Эверсманн атжалманы, 23 кәдімгі түр және сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген, Қызыл кітапқа енгізілген 2 түр - *ала жертесер және шұбар күзен*.

Зоогеографиялық жағынан осы өңірде дала сүтқоректілер азғантай, дала сасықкүзені және дала алақоржыны кездеседі. Фаунаның негізін шөл түрлері құрайды, мұнда олардың саны 27 кем емес, соның ішінде 11 түрі кең таралған. Сүтқоректілердің зерттеу ауданын мекендеу тығыздығы сонша зор емес, көбінесе табиғи жағдайларға байланысты.

Каспийдің солтүстік жағалауын мекендейтін сүтқоректілер ішінде дала, шөлейт және шөл биотоптарды артық көретін ксерофилді түрлер басым. Көп санды (аялық) түрлер кеміргіштердің, коян тәрізділердің өкілдері және бірнеше мезофилді және ксерофилді жыртқыш түрлері болып табылады. Ең сипатты: құм қояны, қосаяқтар, құмтышқандар, жыртқыштардан – қасқыр мен қарсақ, тұяқтылардан - киік.

Қабан бүкіл солтүстік жағалау бойында, құрақ, қамыс және қоға тоғайлары бар жерлерде таралған. Қыс кезеңінде жануарлардың бөлігі жағалау аймағынан құмға қарай қоныс аударады

Қарастырылып отырған өңірдің құстар әлемі шөлді ландшафттардың құстарымен және сапалық және сандық құрамы неғұрлым бай әрі қызықты сулы-батпақты алқаптардың құстарымен ұсынылған

Каспий теңізінің солтүстік жағалауында қазіргі уақытта құстардың 260 астам түрлері кездеседі (құстардың жер үсті түрлерін қоса алғанда), оның ішінде 110 втүрі ұя салады, 76 түрі қыстайды және 92 түр көшпелі. Барлығы Солтүстік Каспийде әртүрлі маусымдарда 18 отрядқа жататын құстардың 120-дан 260 түрлеріне дейін тіркелген.

Жер үсті құстар әлемі үшін ең сипатты ұя салатын құстар сұр және кіші бозторғай, құлақты бозторғай, дала бозторғайы, тырду, азия шүрілдегі, сұр тағанақ және дала қыраны (саны аз). Қарабауыр бұлдырық (қызыл кітапқа енгізілген), ақиық субүркіт (қызыл кітапқа енгізілген, құрып кету қатері төнген), сары торғай, шөл шақшақайы, кәдімгі тентекқұс сирек кездеседі. Жырларда және шөл сайларында көксары ұялайды. Елді мекендерде үй және дала торғайларының, ауыл және қала қарлығаштарының, сасықкөктің, қараторғайдың, ақ шақшақайдың, ал қираған орындарда және бейіттерде – байғызшаның, дала күйкентайының және ала қараторғайдың ұялауы байқалады. Жоғары вольтты электрберіліс желілерінің бағаналарында дала қыраны, көксары және кәдімгі күйкентай өз ұяларын салады. Құстардың түрлік құрамының жеткіліксіздігі және олардың ұя салу тығыздығы төмен болуы аудандағы төтенше жағдайларға, су көздерінің тапшылығына, сор учаскелерінің жоғары сортаңдығына және ағаш-бұта өсімдіктерінің үлесі аз болуына байланысты Жануарлар әлемінің картасы 10.1. сур. келтірілген.

9.2. Объектінің фаунаның түрлік құрамына, санына әсерін сипаттау

Антропогендік (техногендік) факторлардың әсер етуі тұрғысынан барлық жануар түрлері осла екені баршаға мәлім. Әсіресе техногендік факторлар қосмекенділер мен бауырмен жорғалаушыларға қатты әсер етеді. Осы жануарлар тобының өкілдері мекендейтін орындарына үйір болады және төтенше жағдайларда алыс жерлерге қоныс аудару жолымен сыртқы жағымсыз әсерлерден құтыла алмайды.

Бірнеше құс түрлері үшін балалау кезеңінде техногендік әсер ету кезінде тіршілік жағдайлары нашарлауы мүмкін. Бұл жағдайда жағымсыз әсер өндірістік шуммен қоздырылған мазасыздық факторына ие болады, нәтижесінде құстар өз ұяларынан безуі мүмкін. Ұсақ сүтқоректілерге шулы фонның әсері ету дәрежесі аздау. Учаскенің түнгі кезекті жарықтандыруы түнде тіршілік ететін жануарларды (кірпілерді, жапалақтарды, жәндіктерді және т.б.) тартып, олардың қырылу қатерін арттырады.

Жобалық жұмыстарды іске асыру жануарлар әлеміне белгілі бір әсер етеді. Осы әсерді механикалық әсер ретінде қарастыруға болады. Жануарлар әлеміне механикалық әсер ету немесе фауна өкілдерін мазалау себептері көліктің қозғалуы болады.

Жалпы жобалық жұмыстарды жүргізу процесінде жануарлар әлеміне әсерді жергілікті, қысқа мерзімді және шамалы деп бағалауға болады.

9.3. Биоалуантүрлілікке, фаунаның санына жағымсыз әсерді болдырмау жөніндегі іс-шаралар.

9.6. Биоалуантүрлілікке, фаунаның санына жағымсыз әсерді болдырмау жөніндегі іс-шаралар.

Жобаланатын жұмыстардың жануарлар әлеміне әсерін барынша азайту үшін, «Жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР 09.07.2004 жылғы №593 Заңының 17 бабының талаптарын ескере отырып, бірқатар табиғатты қорғау шараларын орындау қажет:

- ✓ жұмыстарды жүргізген кезде жабайы жануарлар мекендейтін орта ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерге ешкімнің қол сұқпауын қамтамасыз ету қажет;
- ✓ жануарлар дүниесі объектілері мекендейтін ортаны және олардың көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, сондай-ақ жабайы жануарлар мекендейтін орта ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерге ешкімнің қол сұқпауын қамтамасыз ету;
- ✓ «Жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР 2004 жылғы 09 шілдедегі №593 Заңының 12 бабының 2 тармағының 2) және 5) тармақшаларының талаптарын сақтау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін қаражат көзделуге тиіс, атап айтқанда: жануарлар дүниесінің жай-күйіне және олар мекендейтін ортаға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру кезінде, жануарлар дүниесінің объектілері мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырлану орындарын сақтау; жануарлар түрлерін, оның ішінде бағалы, сирек кездесетіндері мен құрып кету қаупі төнгендерін жасанды өсіруді қоса алғанда, кейіннен оларды мекендеу ортасына шығара отырып, жануарлар дүниесінің өсімін молайту қамтамасыз етілуге тиіс;
- ✓ қалдықтарды сақтау үшін қоршалған орындарды ұйымдастыру;
- ✓ алаңшалар мен іргелес алаңдар аумағын таза ұстау;
- ✓ мұнай өнімдерін қымталған ыдыстарда сақтау;
- ✓ химиялық заттардың, жанар-жағар май материалдарының төгілуін болдырмау және оларды ақтылы жою;
- ✓ жол торабынан тыс заңсыз өтуге жол бермеу;
- ✓ түнгі уақытта көлік құралдарының қозғалыс белсенділігін төмендету;
- ✓ жұмыстар басталар алдында персоналды осы жануарлармен таныстыру және олардың жұмыстарды жүргізу учаскелерінде ықтимал көрінуі туралы ескерту үшін, персоналды ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлар тізбесімен таныстыру қажет.

ҚОҚ

Пара
қ

101

- ✓ Қозғалатын техникадан жағымсыз әсерді төмеету (немесе болдырмау) мақсатында, құрылыс техникасы және автокөлік жұмыс істеген кезде бар инфрақұрылымды (автокөлік өткелдерін, учаскелерді) максималды пайдалану қажет;
- ✓ жер жұмыстарын бөліп берілген жер жолағы шегінде жүргізу;
- ✓ жабдықтың бос жұмысын барынша азайту және бос тұрып қалған уақытта жабдықты тоқтату;
- ✓ топыраққа меншікті қысымы төмен көлік құралдарын пайдалану;
- ✓ технологиялық жабдық пен газ құбырын алдын ала-жоспарлы жөндеуді және профилактикасын уақтылы жүргізу;
- ✓ барлық қалдықтарды жинау, тасымалдау және кәдеге жарату жүйесін ұйымдастыру;
- ✓ жер үсті құрылыстардың үй-жайларын және алаңшаларын санитарлық тазалау;
- ✓ бар жасыл көшеттерді сақтау;
- ✓ сүтқоректілер мен құстарды аулауды болдырмау және дайындау және құрылыс жұмыстарын жүргізу аймағында жұмыскерлер мен қызметшілердің уақытша контингентінің жоспарланбайтын қызметін бақылауды қарастыру.
- ✓ жануарлардың синантропты және қажетсіз түрлерінің мекендеуі және таралуы үшін қолайлы жағдайларды жою.
- ✓ өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жаратуға шарт жасасу.
- ✓ жобаланатын жұмыстар учаскесінде автокөлікті жууға, тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды үюге, ЖЖМ және басқа да қоршаған орта үшін уытты заттарды қоймалауға жол берілмейді.
- ✓ Өрттің алдын алу, анықтау және жою;

Жоғарыда аталған іс-шараларды іске асыру құрылыс қызметінен жағымсыз әсерді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

10. ЛАНДШАФТТАРҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕРДІ БОЛДЫРМАУ, БАРЫНША АЗАЙТУ, ЖҰМСАРТУ, ЛАНДШАФТТАР БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА ОЛАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША ШАРАЛАР

Құрылыс жұмыстары қысқа мерзімді болғандықтан ландшафттарға әсер ету болжанбайды.

11. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

11.1. Жергілікті халық өмірінің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайлары

Халықтың саны мен көші-қоны

Атырау облысы халқының саны 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 710,9 мың адам құрады, соның ішінде 391 мың адам (55%) – қала тұрғындары, 319,9 мың адам (45%) – ауыл тұрғындары.

Халықтың табиғи өсімі 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында 11489 адам құрады (откен жылдың тиісті кезеңінде – 13053 адам).

2024 ж. қаңтар-желтоқсан айлары ішінде туылғандар саны 15159 адам құрады (2023 ж. қаңтар-желтоқсан айларындағыдан 8,32% кем), қайтыс болғандар саны 3670 адам құрады (2023 ж. қаңтар-желтоқсан айларындағыдан 5,4% көп).

Көші-қон сальдосы – -4687 адам құрады (2023г. Қаңтар-желтоқсан айларында – -2054 адам), соның ішінде сыртқы көші-қоны – 678 адам (502), ішкі – -5365 адам (-2556).

Еңбек және табыс

2024г. IV тоқсанында жұмыссыздар саны 17477 адам құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күші санынан 4,8% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар саны 2025 жылдың 1 ақпанында 17307 адам немесе жұмыс күші санының 4,7% құрады.

Жұмыскерлерге есептелген айлық орташа номиналды еңбекақы (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарсыз), 2024ж. IV тоқсанныда 640938 тенге құрады, 2023ж. IV тоқсанына қарағанда, өсімі 8,3% құрады. 2024 ж. IV тоқсанындағы нақты еңбекақының индексі 99,8% құрады.

Халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табыстары бағалау бойынша 2024 ж. III тоқсанында 336743 теңге құрады, бұл 2023ж III тоқсанына қарағанда 4,8% жоғары, аталған кезең ішінде нақты ақшалай табыстар 3,9% төмендеген.

Салалық статистика

Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2025 ж. қаңтар айында қолданыстағы бағалармен 1030883 млн. теңге, немесе 2024 ж. қаңтар айына қарағанда 100% құрады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 1,2% төмендеген, сумен жабдықтауда, қалдықтарды жинауда, өңдеуде және жоюда, ластануды жою жөніндегі қызметте - 9,1%-ға, өңдеуші өнеркәсіпте 12,2% өсті, электр энергиямен, газбен, бумен, ыстық сумен, бапталған ауамен жабдықтауда - 10,2%.

Ауыл шаруашылығында жалпы өнім (қызметтер) көлемі 2025 ж. қаңтар айында 4064,6 млн.теңге немесе 2024 ж. қаңтар айына қарағанда 112,7% құрады.

ҚОҚ

Пара
қ

103

Жүк айналымы көлемі 2025 ж. қаңтар айында 5020,4 млн. ткм (коммерциялық тасымалмен айналысатын жеке кәсіпкерлердің жүк айналымы көлемін ескергенде), немесе 2024 ж. қаңтар айына қарағанда 129,2% құрады.

Жоаушылар айналымы көлемі – 516,7 млн.жкм, немесе 2024 ж. қаңтар айына қарағанда 150,4%

Құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер) көлемі 18398,7 млн.теңге немесе 2024 ж. қаңтар айына қарағанда 41,3% құрады.

2025ж. қаңтар айында пайдалануға енгізілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 9,3%-ға азайып, 27,5 мың ш.м. құрады. Бұл ретте пайдалануға енгізілген жеке тұрғын үйлердің жалпы ауданы 13,5%-ға азайды (26,3 мың ш.м.).

Негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2025 ж. қаңтар айында 100940 млн.теңге, немесе 2024 ж. қаңтар айына қарағанда 50,7% құрады.

Тіркелген заңды тұлғалар саны 2025 ж. 1 ақпандағы жағдай бойынша 14531 бірлікті құрады және алдыңғы жылдың тиісті күнімен салыстырғанда 0,7% азайды, оның ішінде 14133 бірліктің жұмыскерлер саны 100 адамнан кем. Әрекет ететін заңды тұлғалар саны 11384 бірлік, олардың ішінде 10986 бірлік – шағын кәсіпорындар. Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындар (заңды тұлғалар) саны облыста 12475 бірлікті құрады және алдыңғы жылдың тиісті күнімен салыстырғанда 1% -ға азайды.

Экономика

Өңірлік жалпы өнімнің көлемі 2024 ж. қаңтар-қыркүйек айлары аралығында (оперативтік деректер бойынша) ағымдағы бағалармен 9864759,3 млн. теңге құрады. 2023 ж. қаңтар-қыркүйек айларымен салыстырғанда нақты ӨЖӨ 95,1% құрады. ӨЖӨ құрылымында тауарларды өндіру үлесі 57,5%, көрсетілетін қызметтер – 33,9% құрады.

Тұтыну бағасының индексі 2025ж. қаңтар айында 204 ж. желтоқсан айымен салыстырғанда 102,2% құрады.

Халық үшін көрсетілетін ақылы қызметтердің бағасы ,5%-ға, азық-түлік тауарларына - 1,2%-ға, азық-түлік емес тауарларға - 0,9% өсті.

Өнеркәсіптік өнім шығарушы кәсіпорындардың бағалары 2025 ж. қаңтар айында 2024 ж. желтоқсан аймен салыстырғанда 2,1%-ға төмендеді .

Бөлшек сауда көлемі 2025 ж. қаңтар айында 39316,7 млн. теңге құрады, немесе 2024 ж. тиісті кезеңінен 11,8% -ға көп.

Көтерме сауда көлемі 2025 ж. қаңтар айында 515786,4 млн. теңге құрады, немесе 2024 ж. тиісті кезеңіне қарағанда 91%

Алды ала деректер бойынша 2024ж. қаңтар-желтоқсан айлары аралығында ЕАЭО елдерімен өзара сауда 356 млн. АҚШ долларын құрады және 2023 ж. қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда 9,6%-ға азайды, соның ішінде экспорт – 92,8 млн. АҚШ доллары (4,3%-ға көп), импорт – 263,2 млн. АҚШ доллары (13,7% -ға кем).

11.2. Өңірде көзделіп отырған қызметті іске асырудың экологиялық тәуекелін бағалау

Осы бөлімде объектілерді салған кезде әлеуметтік-экономикалық ортаға негізгі әсерлердің сипаттамасы берілген. Халық инфрақұрылым және жергілікті қызмет көрсеті саласы құрылыс операцияларына да, қосалқы және қызмет көрсету жұмыстарына да қатыстырылатын болады.

Экономика мен әлеуметтік сала үшін маңызы әртүрлі оң әсерлердің көздері жергілікті халықты жобаға байланысты негізгі және қосалқы қызмет түрлері бойынша жұмыстарға тарту болып табылады.

ҚОҚ

Пара
қ

104

12.АВАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІ БАҒАЛАУ

9.7. Табиғи кешендердің құндылығы

Экологиялық қауіп – антропогендік және табиғи, соның ішінде зілзала мен апаттарға, оның ішінде дүлей апаттарға байланысты әсерлер салдарынан қоршаған орта жағдайының бұзылуы, өзгеруі болуы немесе болу ықтималдығымен сипатталатын және осыған орай қоғам тұлғасының өмір үшін маңызды мүдделеріне қатер төндіретін жағдай.

Құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізген кезде авариялық оқиғалар пайда болуының негізгі себептері жұмыс персоналының техникалық қателері, өртке қарсы ережелердің және қауіпсіздік техникасы қағидаларының бұзылуы, энергиямен жабдықтау жүйесінің, сумен жабдықтау жүйесінің, су тарту жүйесінің бұзылуы болуы мүмкін.

Авариялардың алдын алудың негізгі шаралары технологиялық және өндірістік тәртіпті қатаң сақтау, жобалық шешімдерді орындау және жедел бақылау болып табылады.

Авариялардың алдын алу және жою жөніндегі шараларды талдау, оларды іске асыру кезінде авариялардың пайда болу ықтималдығы барынша азайтылған деп айтуға мүмкіндік береді.

Құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізу кезеңіндегі қауіпсіздік:

- ✓ жұмыс орнында арнайы киімде болуды және жеке қорғаныс құралын пайдалануды;
- ✓ қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалықтар мен сабақтарды мерзімді өткізуді, барлық жұмыс персоналын қауіпсіздік қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы тұрақты ескертіп отыруды;
- ✓ отын төгілуін уақтылы жоюды көздейді.

9.1. Авариялық жағдайлардың ықтималдығы

Табиғи әсер ету факторлары.

Табиғи факторлар бұл адаммен бақыланбайтын геофизикалық себептермен қоздырылған бұзылыстар. Басқаша айтқанда, табиғи төтенше жағдайлар туындаған кезде қоршаған ортаның өзін-өзі құлдыратуы қатері туындайды.

Табиғи тәуекелді азайту үшін адекватты жоспарлау және басқару әдістерін әзірлеу қажет. Бұл ретте жоспарлау мен басқару икемділігі табиғи факторларға байланысты тәуекел туралы дұрыс ұғымға негізделген болуы тиіс.

Табиғи факторларға:

- жер сілкінісі;
- дауылды желдер;
- асқан жауын-шашын;
- су тасқыны және топан су жатады.

Сейсмикалық бейсенділік активность. Сейсмикалық шағынаудандау деректері бойынша аумақ сейсмикалық белсенділігі бойынша тәуекел аймағына кірмейді.

Әсер ету сипаты: бір сәттілік. Айтарлықтай бұзылыстарға әкеп соғуы мүмкін, күші 7-9 бал жер сілкінісінің пайда болу ықтималдығы елеместей аз.

